



Қазақстан Республикасының
төлем балансы және
сыртқы борышы

2012 жылдың 9 айы үшін

Қаңтар, 2013

«Қазақстан Ұлттық Банкінің төлем балансы»

Редакторы:
Ақышев Д.Т.

редактордың орынбасары:

Дюгай Н.Н.

кеңестің мүшелері:

Базарова С.Т.

Бухарбаева А.С.

Цой С.К.

Нәжімеденова С.Ж.

шығаруға жауапты:

Жетібаева М.Б., Асанова Д.Б.

Құрылтайшы - Қазақстан Ұлттық Банкі

© Қазақстан Ұлттық Банкі

1995 жылдан бастап шығарылады



ТОО "Асыл кітап" Баспа үйі
050009, г. Алматы,
проспект Абая, 143
тел. +7 (727) 3 94 41 67

Бұл жарияланымды Төлем балансы және валюталық реттеу департаменті дайындады. Жарияланымда Қазақстан Республикасының сыртқы секторының дамуындағы соңғы үрдістер көрсетіледі және елдің төлем балансына, халықаралық инвестициялық позициясына және сыртқы жиынтық борышына байланысты статистикалық есептер, сондай-ақ осы есептерге талдамалық түсініктемелер берілген. Статистикалық есептер жан-жақты жасалған талдамалық кестелермен, сыртқы сектордың статистикасын жасау методологиясын және оны жасауға арналған ақпарат көздерін сипаттаумен толықтырылған. Жеке статистикалық қосымшалармен бірге Қазақстаннан әкетілетін және Қазақстанға әкелінетін инвестициялардың қорлары мен ағындарының құрылымы берілген. Жарияланымның кезеңділігі тоқсан сайын – басылым қаңтар, сәуір, шілде және қазан айларында шығады. Екі тілде: қазақ және орыс тілдерінде шығарылады.

Статистикалық деректер методологиясы өзгерген және (немесе) сыртқы экономикалық операциялар туралы қосымша ақпарат алған кезде бұрын жарияланған тарихи деректер қатары түзетілуі мүмкін. Қайта қарау тәртібіне сәйкес Қазақстан Республикасы сыртқы секторының статистикалық деректері жылына екі рет – жарты жылғы және бір жылғы төлем балансы, халықаралық инвестициялық позиция және жалпы ішкі борыш жөніндегі есептерді жасау кезінде жүзеге асырылады және есепті жылдың алдындағы екі жылды қамтиды. Жаңартылған деректер жыл сайын сәуірде және қазанда жарияланады.

Деректерді нақтылаудың негізгі көзі есептерді жасау кезінде түскен ақпаратты, тіркеу шеңберінде алынған деректерді қосымша алу және валюта операциялары туралы хабарлау, төлем балансы жөніндегі статистикалық есепті қоспағанда, ақпарат көздерінен алынған басқа деректермен салыстырған кезде статистикалық сәйкессіздіктерді анықтау, сондай-ақ ресми сауда статистикасының деректерін нақтылау болып табылады.

Осы жарияланымда келтірілген кестелердегі жекелеген жағдайларда деректерді дөңгелектеу салдарынан қорытындылар және қосылатын сома арасындағы соңғы разрядта шамалы айырмашылықтар болуы ықтимал.

Осы жарияланымға арналған статистикалық деректерді қалыптастыру күні: 2012 жылғы 29 желтоқсан. 2010-2011 жылдардағы деректерді соңғы жаңарту күні 2012 жылғы 30 қыркүйек.

Ұсынылған статистикалық деректер бойынша қосымша ақпаратты Төлем балансы және валюталық реттеу департаментінен алуға болады:

мекен-жайы: 050040, Алматы қаласы, Көктем-3 ш/а, 21-үй

телефондары: (727) 270-46-21 (төлем балансы)

270-46-40 (халықаралық инвестициялық позиция)

270-47-13 (жалпы сыртқы борыш)

электрондық почта: balans@nationalbank.kz

Төлем балансы, халықаралық инвестициялық позиция және жалпы сыртқы борыш жөніндегі стандартты және талдамалы түрде көрсетілген статистикалық есептерді, сондай-ақ осы есептерді жасауға арналған методологиялық түсініктемелерді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің <http://www.nationalbank.kz/> веб-сайтынан алуға болады. Көрсетілген статистикалық есеп ҚҰБ-нің веб-сайтына есептік кезең аяқталғаннан кейін 90-шы күні қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде орналастырылады.

Мазмұны

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 айдағы төлем балансы	4
---	---

Қосымшалар:

I. қосымша. Төлем балансына талдау қосымшалар	19
I.1. қосымша ҚР 2011 жылғы және 2012 жылғы 9 айдағы сыртқы сауда айналымы	33
I.2. қосымша Ресми статистиканың деректері бойынша экспорттың және импорттың құрылымы	34
I.3. қосымша Жекелеген тауарлардың экспорты бойынша бағаны талдау және сандық жеткізулер	35
I.4. қосымша Ресми статистика деректері бойынша сыртқы сауданың географиялық құрылымы	36
I.5. қосымша 2010-2012 жылдардағы 9 ай үшін кеңейтілген жіктеулер бойынша ҚР халықаралық қызмет көрсету балансы.....	37
I.6. қосымша ҚР ЕурАзЭҚ елдерімен қызмет көрсетудің сыртқы саудасы.....	39
I.7. қосымша Кірістер балансы (факторлық қызмет көрсету)	42
I.8. қосымша Жеке тұлғалардың 2011-2012 жылдардағы 9 ай үшін ақша аударымдары	43
I.9. қосымша Қаржы шотының ағындары (талдамалық ұсыну).....	44
I.10. қосымша Қысқа мерзімді капитал ағындары.....	45
I.11. қосымша Нақты тиімді айырбастау бағамының индексі.....	46
I.12. қосымша Мұнай саудасын есептегенде нақты тиімді айырбас бағамының индексі.....	47
I.13. қосымша Жеке сектордың капиталды таза әкелуі/әкетуі.....	48

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 30 қыркүйектегі халықаралық инвестициялық позициясы	49
---	----

II. қосымша Қазақстаннан және Қазақстанға инвестициялардың қорлары мен ағындарының құрылымы.....	56
II.1. қосымша Қазақстанға әкелінген шетелдік тікелей инвестициялардың экономикалық қызмет түрлері бойынша жалпы ағыны	57
II.2 қосымша Қазақстанға әкелінген шетелдік тікелей инвестициялардың елдер бойынша жалпы ағыны	59
II.3. қосымша Қазақстанға әкелінген шетелдік инвестициялардың салым салалары бойынша 2012 жылғы 9 айдағы жалпы ағыны	61
II.4. қосымша Инвестор елдер бойынша Қазақстанға әкелінген шетелдік инвестициялардың 2012 жылғы 9 айдағы жалпы ағыны.....	62
II.5. қосымша 2012 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша Қазақстанға салымдардың салаларға қатысты бөлігіндегі шетелдік инвестициялар.....	64
II.6. қосымша 2012 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша Қазақстан экономикасына негізгі инвестор елдер бойынша әкелінген шетелдік инвестициялар	66
II.7. қосымша Қазақстаннан әкетілген тікелей инвестициялардың экономикалық қызмет түрлері бойынша жалпы ағыны	69
II.8. қосымша Қазақстаннан әкетілген тікелей инвестициялардың салым елдері бойынша жалпы ағыны	71
II.9. қосымша Экономиканың салалары бөлігінде инвесторлар бойынша нетто-позицияның 2012 жылғы 30 қыркүйектегі жағдайы	73
II.10. қосымша 2012 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша Қазақстаннан әкетілген және Қазақстанға әкелінген инвестициялардың географиялық бөлінуі	75

II.11. қосымша Қазақстан экономикасының салалары бөлігінде тікелей инвестициялар бойынша нетто-позицияның 2012 жылғы 30 қыркүйектегі жағдайы.....	78
II.12. қосымша Негізгі әріптес елдер бөлігінде тікелей инвестициялар бойынша нетто-позицияның 2012 жылғы 30 қыркүйектегі жағдайы.....	80
<i>III. қосымша Төлем балансына және халықаралық инвестициялық позицияға методологиялық түсіндірме.....</i>	<i>83</i>
<i>IV қосымша Қазақстанның төлем балансын және халықаралық инвестициялық позициясын жасаудың ақпараттық базасы.....</i>	<i>88</i>
<i>V қосымша Төлем балансының талдау индекстері мен бағалау көрсеткіштерінің әдістемелері.....</i>	<i>92</i>
Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 30 қыркүйектегі жалпы сыртқы борышы.....	98
1-қосымша: Жалпы сырты борыштың жай-күйі: Шетел валютасындағы сыртқы борыш.....	105
2-қосымша. Ұлттық және шетел валютасындағы жалпы сыртқы борыш.....	106
3-қосымша. Жалпы сырты борыштың жай-күйі: Секторлар бойынша мерзімі бойынша алғанда өтеуге дейін қалған мерзім бойынша қысқа мерзімді борыш.....	107
4-қосымша. 2012 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша орын алған жалпы сыртқы борышқа (ЖСБ) қызмет көрсету бойынша төлемдердің графигі.....	108
5-қосымша. Қазақстан Республикасының жалпы сыртқы борышының абсолюттік және салыстырмалы өлшемдері.....	110
6-қосымша. Жалпы сырты борышты стандарттық ұсыну.....	111
7-қосымша Салымның негізгі салалары бойынша жалпы сыртқы борыш.....	112
8-қосымша. Кредитор елдер бойынша жалпы сыртқы борыш.....	114
9-қосымша. Жалпы сырты борыштың жай-күйі: Резиденттер шығарған және резидент еместерге эмиссия орны бойынша тиесілі борыштық бағалы қағаздар.....	116
10-қосымша. Сыртқы борыш көрсеткіштерінің төлем балансының баптарына сәйкестігі.....	117

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
2012 жылғы 9 айдағы
ТӨЛЕМ БАЛАНСЫ

Ағымдағы операциялар шоты

Тауарлар және қызмет көрсету импортының басымдықпен өсу қарқыны олардың экспортының өсуімен салыстырғанда ағымдағы операциялар шотының оң дисбалансының қысқаруына әкелді, ол 2012 жылғы 9 айда 7,8 млрд. долл. (тиісті кезеңдегі ЖІӨ-ге 5,9%) болды, бұл оның 2011 жылғы 9 айдағы деңгейінен 30,5%-ға аз. Бұл ретте ағымдағы шот өткен жылғы 3-тоқсанда 111,3 млн.долл. дефицитпен қалыптасты.

3-тоқсанның нәтижелеріне негізгі ықпалды сыртқы сауда операцияларының динамикасы көрсетті. Егер тауарлар импорты 18-19% (1,9-2,1 млрд.долл.) айтарлықтай тоқсан сайынғы өсімді көрсетсе, онда 3-тоқсан үшін тауарлар экспортының құны өткен тоқсанмен салыстырғанда 9,4% (2,3 млрд.долл.) қысқарды. Нәтижесінде сауда балансының актив сальдосы 3-тоқсанда 9,2 млрд.долл. болды, бұл есепті кезеңдегі 2-тоқсандағы көрсеткіштен 4,4 млрд.долл. аз.

2012 жылғы қаңтар-қыркүйекте brent сұрыпты мұнайдың бір баррель үшін 112,5 долл. болып қалыптасқан орташа айлық баға белгілеуі аздап артық болды, оның 2011 жылғы салыстырмалы кезеңдегі деңгейінен асып кетті (бір баррель үшін 111,5 долл.). Нәтижесінде 69,6 млрд. долл. болған тауарлар экспорты базалық кезеңмен¹ салыстырғанда небәрі 5,0%-ға ұлғайды.

Ағымдағы түсімдердің негізін құрайтын тауарлар экспортының қалыпты өсу салдарынан резиденттердің ағымдағы операциялардың кірістері 2012 жылғы 9 айда базалық кезеңмен салыстырғанда 4,8%-ға (3,5 млрд.долл.) өсті. Ағымдағы төлемдер 11,1%-ға немесе 6,9 млрд.долл., ең бастысы, тауарлар (5,5 млрд.долл.) және қызмет көрсету (1,8 млрд.долл.) импортының өсімі есебінен ұлғайды (1-кесте).

1-кесте

Ағымдағы түсімдер мен төлемдердің құрылымы

млн. АҚШ долл.

	9 ай 2009	9 ай 2010	9 ай 2011	9 ай 2012
Ағымдағы түсімдер	35 762,8	50 614,9	73 203,1	76 699,5
Тауарлар экспорты	29 907,7	45 437,7	66 305,0	69 641,6
Факторлық емес қызмет көрсету экспорты	3 191,6	3 128,7	3 328,2	3 696,8
Резидент еместерден алынған кірістер	1 948,4	1 249,4	1 541,1	1 422,5
Трансферттік түсімдер	715,1	799,0	2 028,9	1 938,6
Ағымдағы төлемдер	-40 184,1	-48 207,8	-62 002,2	-68 912,7
Тауарлар импорты	-21 027,4	-22 890,1	-28 881,0	-34 372,3
Факторлық емес қызмет көрсету импорты	-7 487,4	-7 908,7	-7 540,5	-9 315,1
Резидент еместерге төленген кірістер	-10 436,6	-16 198,8	-23 458,7	-22 642,1
Трансферттік төлемдер	-1 232,6	-1 210,3	-2 122,0	-2 583,1
Ағымдағы шот сальдосы	-4 421,3	2 407,1	11 201,0	7 786,8

Әдетте төлем баласының ағымдағы шоты сауда балансының оң сальдосы және қызмет көрсету, кірістер және трансферттер баланстарының теріс сальдосы кезінде қалыптасады. Есепті кезеңнің қорытындылары бойынша тауарлардың таза экспорты базалық кезеңдегі 37,4 млрд.долл. бастап 35,3 млрд.долл. дейін төмендеді. Теріс дисбаланстың ең көп абсолютті өсімі халықаралық қызмет көрсету операциялары бойынша – базалық кезеңмен салыстырғанда 1,4 млрд.долл. болып белгіленді. Кірістер балансының теріс сальдосы 21,2 млрд.долл. сомадан асып, аздап қысқарды (3,2%), оның ішінде шетелдік тікелей инвесторларға кірістер төлеу 18,3 млрд. долл. болды.

¹Осы жерде және бұдан әрі есепті кезең ретінде 2012 жылғы 9 ай, ал базалық кезең – 2011 жылғы 9 ай қаралады.

Трансферттік операциялар ағымдағы шот профицитінің қысқаруына белгілі бір үлесін қосты. Ағымдағы трансферттер балансының тапшылығы базалық кезеңдегі 93 млн. долл. бастап есепті кезеңдегі 645 млн. долл. дейін ұлғайды (1-диаграмма).



Есепті кезеңнің нәтижелерін және энергия тасымалдауыштарға арналған баға конъюнктурасын (орташа алғанда өткен жыл үшін мұнай баррелінің бағасы 112 долл. болды) ескере отырып, 2012 жылдың қорытындылары бойынша ағымдағы операциялар шотының айтарлықтай профицитінің, бірақ 2011 жылы қалыптасқанына қарағанда (13,6 млрд.долл.) шамалы деңгейде сақталуы күтіледі.

Сыртқы сауда және сауда балансы

2012 жылғы қаңтар-қыркүйекте төлем балансын жіктеу бойынша сыртқы сауда айналымы (ресми статистиканың деректеріне түзетулерді ескере отырып) 104 млрд. долл. болды, бұл базалық кезеңге қарағанда 8,8 млрд.долл. көп. Тауар айналымының 9,3% өсуі экспорттық жеткізулердің 5%-ға ұлғаюына және импорттың 19%-ға өсуіне себепші болды.

Тауар айналымының ЖІӨ-ге қатынасы ретінде есептелінетін экономиканың ашықтық көрсеткіші, экспорт үлесінің 2,1% азаюы және импорт үлесінің 1,6 %-ға ұлғаюы нәтижесінде 0,6% қысқарды (2-кесте).

2-кесте

Экономиканың ашықтығы

(ЖІӨ-ге пайызбен)

	9 ай 2009	9 ай 2010	9 ай 2011	9 ай 2012
Экспорт	38,5	45,7	52,9	50,7
Импорт	26,9	21,9	21,8	23,4
Тауар айналымы	65,5	67,7	74,7	74,1

Ресми **тауарлар экспорты** 2012 жылғы 9 айда 69,5 млрд. долл. болды, бұл базалық кезеңдегі көрсеткіштен 3,3 млрд. долл. көп.

Барлық негізгі экспорттық номенклатура бойынша мұнай және газ конденсатының және астықтың барынша ұлғаюымен құндық көрсеткіштердің өсуі байқалды. Экспорттың тауарлық шоғырлану коэффициенті базалық кезеңдегі 80,4%-дан есепті кезеңдегі 77,2%-ға дейін қысқарды (3-кесте).

**Қазақстан Республикасы экспортының тауарлық құрылымы
(ресми статистика деректері бойынша)**

Тауарлар тобы	9 ай 2011	9 ай 2012
<i>Құны (млн. АҚШ долл.)</i>		
Барлық тауарлар	66 163,9	69 532,3
Негізгі номенклатура, о.і	64 517,3	67 078,9
Минерал өнімдер	52 464,9	52 780,2
<i>оның ішінде мұнай және газ конденсаты</i>	42 205,9	43 253,4
Қара металдар	4 456,6	4 671,6
Түсті металдар	4 890,8	5 732,7
Астық	317,2	1 418,4
Басқа да тауарлар	1 646,7	2 453,4
<i>Үлес салмағы (%-бен)</i>		
Барлық тауарлар	100	100
Негізгі номенклатура, о.і	97,5	96,5
Минерал өнімдер	79,3	75,9
<i>оның ішінде мұнай және газ конденсаты</i>	63,8	62,2
Қара металдар	6,7	6,7
Түсті металдар	7,4	8,2
Астық	0,5	2,0
Басқа да тауарлар	2,5	3,5

Баға факторы минерал өнімдерін, оның ішінде мұнай және газ конденсаты экспортының құнын өсіруде айқындаушы рөл атқарды. Қалған топтар бойынша экспорт құнының өсіміне негізгі ықпалды сандық фактор көрсетті. Астық өнімінің жиынтық 4,8 есе өсуі сандық жеткізулердің ұлғаюына себепші болды. Астықтың әлемдік бағасы базалық кезеңде бір тонна үшін 328,5 долл. бастап есепті кезеңнің қорытындылары бойынша тонна үшін 299,1 долл. дейін қысқарды (4-кесте).

4-кесте

**Баға және сан факторларының экспорттың құнына ықпалы
(ресми статистика деректері бойынша 2011 жылғы 9 аймен салыстырғанда 2012 жылғы 9 ай)**

Тауарлар тобы	Экспорт, млн. АҚШ долл.		Өзгерісі (өсімі (+), төмендеуі (-))	Оның ішінде өзгеру есебінен	
	9 ай 2012	9 ай 2011		баға	Нақты көлем
Барлық тауарлар	69 532,3	66 163,9	5%	-7%	13%
Негізгі номенклатура	67 078,9	64 517,3	4%	-1%	5%
Минерал өнімдер	52 780,2	52 464,9	1%	2%	-1%
<i>оның ішінде мұнай және газ конденсаты</i>	43 253,4	42 205,9	2%	6%	-3%
Қара металдар	4 671,6	4 456,6	5%	-6%	11%
Түсті металдар	5 732,7	4 890,8	17%	-13%	34%
Астық	1 418,4	317,2	347%	-23%	482%
Басқа да тауарлар	2 453,4	1 646,7	49%	-14%	62%

Ескерту: Баға және сандық жеткізулердің ықпалына талдау жүргізу үшін Пааше (баға) және Ласпейреса (саны) индекстері есептелінеді

Есепті кезеңде мұнайды нақты жеткізу базалық кезеңмен салыстырғанда 1,5 млн. тоннаға қысқарды, барлығы 42,5 млрд. долл. сомаға 51,2 млн. тонн мұнай экспортталды.

Уәкілетті органдардың ресми деректері бойынша тауарлар импорты 2012 жылғы қаңтар-қыркүйекте 32 млрд. долл. болды, бұл базалық кезеңге қарағанда 24,6%-ға көп. Импортық номенклатураның негізгі тауар топтары бойынша барынша көп салыстырмалы және абсолютті өсімі азық-түлікке жатпайтын тауарлар бойынша – тиісінше 52,3% (1,6 млрд.долл.) және 35,8% (3,2 млрд.долл.) болып белгіленді. Бұл ретте азық-түлікке жатпайтын импортта жеңіл көлік құралдарын әкелудің тауар тобындағы 19,7% үлестік салмағымен (базалық кезеңде 14%) 931,1 млн. долл. дейін екі есе ұлғаюы және дәрілік заттар импортының - 704,4 млн. долл. дейін 206 млн. долл. өсуін атап өтті. Инвестициялық импортының ұлғаюына базалық кезеңдегі 5,8%-ға қарсы топта 9,2% үлестік салмағы бар 1,1 млрд. долл. дейін 2 еседен астам өсуі, сондай-ақ мұнай және газ құбырларының құбыр импортының базалық кезеңдегі 2,4% қарсы инвестициялық топта 7,8% үлесі бар 960 млн. долл. дейін 4,3 есе өсуі себепші болды (5-кесте).

5-кесте

**Қазақстан Республикасы импортының тауарлық құрылымы
(ресми статистика деректері бойынша СИФ бағасымен импорт)**

Тауарлар тобы	9 ай 2011	9 ай 2012
<i>Құны (млн. долл.)</i>		
Барлық тауарлар	25 767,3	32 095,3
Тұтыну тауарлары	5 819,9	7 417,5
Азық-түлік тауарлары	2 716,9	2 690,6
Азық-түлікке жатпайтын тауарлар	3 103,1	4 726,9
Аралық өнеркәсіптік тұтыну тауарлары	10 483,7	11 607,0
Инвестициялық тауарлар	9 048,6	12 289,9
Басқа да тауарлар	415,1	780,9
<i>Үлес салмағы (%-бен)</i>		
Барлық тауарлар	100	100
Тұтыну тауарлары	22,6	23,1
Азық-түлік тауарлары	10,5	8,4
Азық-түлікке жатпайтын тауарлар	12,0	14,7
Аралық өнеркәсіптік тұтыну тауарлары	40,7	36,2
Инвестициялық тауарлар	35,1	38,3
Басқа да тауарлар	1,6	2,4

Ресми импорт құнының өзгеруіне айқындаушы ықпалды, бұл ретте тауар номенклатурасының барлық негізгі топтары бойынша сандық фактор көрсетті. Нақты көлемнің 56%-ға ұлғаюы кезінде бағаның құрамдас бөлігі 25%-ға қысқаруы құндық импортының 25%-ға өсуіне себепші болды (6-кесте).

6-кесте

**Баға және сан факторларының импорт құнына ықпалы
(ресми статистика деректері бойынша 2011 жылғы 9 аймен салыстырғанда 2012 жылғы 9 ай)**

Тауарлар тобы	Импорт, млн. АҚШ долл.		Өзгеруі (өсімі (+), төмендеуі (-))	Оның ішінде өзгеру есебінен	
	9 ай 2012	9 ай 2011		баға	Нақты көлем
Барлық тауарлар	32 095,3	25 767,3	25%	-25%	56%
Тұтыну тауарлары	7 417,5	5 819,9	27%	-8%	39%
Азық-түлік тауарлары	2 690,6	2 716,9	-1%	-4%	4%
Азық-түлікке жатпайтын тауарлар	4 726,9	3 103,1	52%	-11%	70%

Аралық өнеркәсіптік тұтыну тауарлары	11 607,0	10 483,7	11%	-11%	25%
Инвестициялық тауарлар	12 289,9	9 048,6	36%	-31%	76%
Басқа да тауарлар	780,9	415,1	87%	0%	87%

Ескерту: Баға және сандық жеткізулердің ықпалына талдау жүргізу үшін Пааше (баға) және Ласпейреса (саны) индекстері есептелінеді

Ресми статистикаға сәйкес 14,6%-ға қысқарған кезде және импорт 7,2%-ға ұлғайған кезде Кеден одағына қатысушылармен сауда айналымы есепті кезеңнің қорытындылары бойынша мүлдем өзгерген жоқ және 17,8 млрд. долл. болды.

Жиынтық сауданың факторлық талдауына ұқсас одақтас мемлекеттерден әкелудің өсуіне көбінесе сандық фактор себепші болды, ал осы елдерге экспорттың қысқаруы бағаның құрамдас бөлігі есебінен болды.

Ресми тіркелетін тауарлардың сыртқы саудасының географиялық құрылымы 2012 жылғы қаңтар-қыркүйекте мынадай болып қалыптасты: сауда айналымының 44,3% Еуропа елдеріне (оның ішінде Италия – 11,9%), ТМД елдеріне – 24,9% (оның ішінде 17% - Ресей Федерациясы), азия елдеріне – 25,5% (оның ішінде ҚХР – 16,6%), басқа елдерге – 5,2% тиесілі.

Тоқсандық динамикада байқалған және Қазақстан экспорттайтын тауарлар бағасының әлемдік конъюнктурасына негізделген экспорттық бағалардың төмендеу үрдісіне қарамастан, есепті кезеңде сауда талаптарының жиынтық индекс базалық кезеңдегі осындай көрсеткіштен 4% жоғары, оның ішінде еуроаймақ – 6%, Ресейге қатысты - 1% болды (7-кесте).

7-кесте

Баға индекстері мен сауда талаптарының өзгеруі (өткен жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда)

	1-тоқ. 2011	2-тоқ. 2011	3-тоқ. 2011	9 ай 2011 ж.	1-тоқ. 2012	2-тоқ. 2012	3-тоқ. 2012	9 ай 2012 ж.
Экспорттық баға	41	49	55	49	11	0	-9	0
Импорттық баға	6	17	10	11	5	-13	2	-2
Сауда талаптары	33	29	41	35	7	15	-9	4
<i>оның ішінде</i>								
<i>Еуро аймақ елдері</i>								
Экспорттық баға	26	48	53	42	18	4	-10	4
Импорттық баға	6	20	15	14	14	-7	-10	-1
Сауда талаптары	19	23	31	24	5	13	0	6
<i>Ресей</i>								
Экспорттық баға	38	39	62	46	9	-8	-16	-5
Импорттық баға	19	27	11	19	0	-19	1	-6
Сауда талаптары	17	10	40	22	10	12	-20	1

Еуропалық Монетарлық Одақтың мемлекеттермен тауар айналымы есепті кезеңде 10,5%-ға ұлғайды, бұл ретте экспорт 9,7%-ға өсті. Импорт 16,7%-ға өскен кезде ЕМО мемлекеттеріндегі тауарлардың таза экспорты 26,2 млрд.долл. артық болды (базалық кезеңдегі 24,1 млрд.долл.).

Саудада **Ресей Федерациясымен** тауар айналымы мүлдем өзгерген жоқ және 17,2 млрд. долл. болды, бұл ретте экспорт 15%-ға қысқарды, импорт, керісінше, 7%-ға өсті.

Қамту бойынша түзетулер:

Жеке тұлғалардың ресми статистикада тіркелмейтін операциялар бойынша тауар айналымы (яғни «бақал» сауда) есепті кезеңде 3,9 млрд. долл. бағаланды, оның ішінде Қазақстаннан әкетілген тауарлардың құны 0,8 млрд. долл., ал әкелінген тауарлар – 3,1 млрд. долл. болды. «Бақал» сауданың теріс сальдосы ұлғайды, ол базалық кезеңдегі 1,8 млрд. долл. қарағанда 2,3 млрд. долл. болды.

Кедендік бақылау комитетінен алынған жеке тұлғалардың жеке пайдалануына арналған кедендік кіріс ордерлерін (ККО) ресімдей отырып жеңіл автомобильдері әкелуі туралы деректердің негізінде есепті

кезеңде ресми импорт құнын 9,8 млн.долл. сомаға толықтырып есептеу жүргізілді. Базалық кезеңде осы көрсеткіш 1,7 млрд.долл. болды. ККО ресімдей отырып жеңіл автомобильдерді әкелудің қысқаруына жылдық жеңілдік кезеңнің (2010 жылғы 1 шілде – 2011 жылғы 1 шілде аралығы) аяқталуы себепші болды, осы кезең ішінде Кеден одағының Бірыңғай кедендік тарифінен өзгеше кедендік баждардың ұлттық мөлшерлемелері қолданылды. Тиісінше, жоғарыда көрсетілгендей, сыртқы сауданың ресми статистикасына енгізілген тауарларға декларацияларды ресімдей отырып автомобильдер әкелу ұлғайды.

Әріптес елдердің табиғи газ жеткізу туралы деректері бойынша, қаралып отырған кезеңде ресми экспорттың құнына оның 854,5 млн. долл. сомаға қысқару жағына қарай түзетулер және ресми импорт құнына 308,1 млн. долл. сомаға толықтырып есептеу жүргізілді.

Республиканың валюталық заңнамасына сәйкес валюталық операцияларды тіркеу шеңберінде алынған кәсіпорындардың резидент еместерден кедендік статистикада тіркелмеген бұрғы қондырғысын сатып алу туралы деректері бойынша ресми импорттың құнына 167,2 млн.долл. сомаға толықтырып есептеу жүргізілді.

Нәтижесінде, 2012 жылғы 9 айда **сауда балансының** оң сальдосы қамту бойынша түзетулерді, жіктеуді (импорттың СИФ кедендік құнын ФОб бағаларына дейін түзету) және тауарлар жөндеу құнын және көлік ұйымдары аймақтарда сатып алған тауарларды ескеріле отырып, есепті тоқсанда 35,3 млрд. долл. болды, бұл базалық кезеңдегі көрсеткіштен 5,8%-ға төмен.

Халықаралық қызмет көрсету балансы

Қызмет көрсетудің сыртқы сауда айналымы есепті кезеңде 13,0 млрд. долл. құрап, базалық кезеңге қарағанда 19,7% (2,1 млрд.долл.) ұлғайды. Халықаралық қызмет көрсету саудасы көлеміндегі Кеден одағына мүше мемлекеттердің үлесі 21,5%, оның ішінде Ресей Федерациясының үлесі – 21,0 % құрады.

Қызмет көрсету экспортының өсуімен салыстырғанда оның импортының өсу қарқыны басым болған кезде, халықаралық қызмет көрсетудің теріс дисбалансы базалық кезеңмен салыстырғанда 33,4% ұлғайып, сомасы 5,6 млрд. долл. артық болды. (8-кесте).

8-кесте

Халықаралық қызмет көрсету балансының құрамдас бөліктері (2011 жылғы 9 аймен салыстырғанда 2012 жылғы 9 айда)

млн.АҚШ долл.

	Экспорт		Өзгерісі (өсімі (+), төмендеуі (-))	Импорт		Өзгерісі (өсімі (+), төмендеуі (-))
	2011 9 ай	2012 9 ай		2011 9 ай	2012 9 ай	
БАРЛЫҒЫ	3 328,19	3696,84	11%	-7 540,46	-9315,146	24%
Көлік қызметі (тасымалдау)	1598,45	1908,41	19%	-1501,44	-1936,27	29%
Туризммен байланысты қызмет көрсету (жол жүру)	931,29	1009,67	8%	-1240,35	-1350,43	9%
Байланыс қызметін көрсету	75,52	92,40	22%	-106,31	-134,14	26%
Құрылыс қызметін көрсету	34,89	18,80	-46%	-1209,15	-2152,51	78%
Сақтандыру қызметін көрсету	78,03	70,27	-10%	-253,91	-197,07	-22%
Қаржы қызметін көрсету	19,16	27,11	42%	-139,89	-143,91	3%
Компьютер және ақпарат қызметін көрсету	8,94	12,79	43%	-61,90	-49,23	-20%
Роялти және лицензиялық төлемдер	0,00	0,00	-	-66,01	-101,92	54%

Басқа да іскерлік қызмет көрсетулер	282,26	299,78	6%	-2825,73	-3118,92	10%
Жеке тұлғаларға қызмет көрсету және мәдениет пен демалыс саласындағы қызмет көрсетулер	0,78	1,10	41%	-37,59	-49,50	32%
Ресми қызмет көрсетулер	298,87	256,49	-14%	-98,18	-81,24	-17%

Қызмет көрсету экспорты қарастырылып отырған кезеңде 3,7 млрд. долл. құрады. Оның базалық кезеңмен салыстырғанда 368,6 млн. долл. өсуіне негізінен экспорты 19,4%-ға (310 млн.долл.) ұлғайған көлік қызметтері ықпал етті.

Қызмет көрсету экспортының жартысына жуығы көлік қызметтеріне тиесілі. Осы бап бойынша резиденттердің кірістері негізінде жүк тасымалдау қызметін көрсетуден түскен түсімдер есебінен қалыптасады, олар базалық кезеңдегі деңгейден 264,7 млн. долл. асып кетіп, есепті кезеңде 1,4 млрд. долл. құрады. Резидент еместерге көрсетілген жүк көлігі қызметтерінің 23,8%-ға өсуі жүктердің республика аумағы арқылы құбыр және теміржол транзиті үшін (23,1%) және отандық авто және авиа тасымалдаушылардың экспорт тауарларын тасымалдағыны үшін (26,3%) түсімдердің өсуімен қамтамасыз етілді. Сонымен бірге, тауар импортының айтарлықтай өсуі резиденттердің республикаға импортталатын тауарды тасымалдауға арналған шығыстарының 27,6% ұлғаюына себепші болды. Нәтижесінде талданатын кезеңнің қорытындысы бойынша жүк тасымалының теріс дисбалансы 112,1 млн. долл. дейін 2 еседен артық өскен. (9-кесте).

9-кесте

Көліктің түрлері бойынша жүк тасымалдау жөніндегі қызметтердің экспорты және импорты

млн. АҚШ долл.

	2011 жылғы 9 ай			2012 жылғы 9 ай		
	Экспорт	Импорт	Сальдо	Экспорт	Импорт	Сальдо
Барлығы	1112,27	-1167,41	-55,14	1376,95	-1489,04	-112,09
Автомобиль	166,61	-492,55	-325,94	209,52	-586,80	-377,29
Әуе	65,12	-212,03	-146,91	83,24	-275,53	-192,29
Теміржол	498,66	-412,12	86,54	683,87	-563,14	120,73
Құбыр	381,88	-1,76	380,12	400,33	-1,76	398,57
Теңіз (су)	0,00	-48,96	-48,96	0,00	-61,81	-61,81

Қызмет көрсетулер импорты есепті кезеңде базалық кезеңнің осындай көрсеткішінен 23,5% аса отырып, 9,3 млрд. долл. сомада қалыптасты.

Қызмет көрсету импортының айтарлықтай өсуі бірінші кезекте құрылыс қызметін көрсету импортының 78%-ға ұлғаюымен қамтамасыз етілді. Республиканың мұнайгаз кен орындарына арналған ірі инфрақұрылымдық жобалар құрылысына, индустриалдық-инновациялық даму жөніндегі бағдарламаны іске асыру шеңберінде объектілер құрылысы мен қайта құруға қатысатын резидент еместердің қызметі үшін ақы төлеуге базалық кезеңге қарағанда 943 млн. долл. артық жұмсалды. Алайда, «Басқа да іскерлік қызмет көрсету» бабы бұрынғыша қызмет көрсету балансының неғұрлым дефициттік бабы болып қалып отыр, оның импорты салыстырып отырған кезеңге қатысты 293 млн. долл. жуық өсті.

Кірістер (факторлық қызмет көрсету) балансы

Есепті кезеңде резидент еместерге еңбек және капитал қызметін көрсетуден алынған кірістер базалық кезеңмен салыстырғанда 1,4 млрд. долл. сомада қалыптасып, 7,7%-ға төмендеді. Резидент еместерге кірістер төлеу де есепті кезеңде 22,6 млрд. долл. құрай отырып, төмендеді (3,5%). Нәтижесінде кірістер балансының тапшылығы ЖІӨ қатынасы бойынша 15,5% (базалық кезеңдегі ЖІӨ-ге 17,6%) құрай отырып, 21,2 млрд. долл. дейін шамалы азайды.

Еңбекақы төлеу. Есепті кезеңде жұмыс істейтіндерге өтемақы төлеу бойынша теріс дисбаланс 1,5 млрд. долл. астам болды, бұл базалық кезеңдегі көрсеткіштен 24,4% көп. Шетелде жұмыс істейтін резиденттердің және республика аумағында шетелдік елшіліктерге және халықаралық ұйымдарға жұмысқа тартылған Қазақстан азаматтарының еңбегіне ақы төлеу 2,9 млн. долл. бағаланды (базалық кезеңде 3,1 млн. долл.). Қазақстанда жұмыс істейтін шетелдік азаматтардың кірістері 24,3% өсті, бұл ретте Қазақстан кәсіпорындары жұмысқа тартқан резидент еместердің есепке алынған жалақысы базалық кезеңмен салыстырғанда 840,1 млн.долл. дейін 28,3% ұлғайды. ТМД елдерінен ресми емес түрде жұмыс істейтін еңбек иммигранттарының жалақысын бағалау 745,4 млн.долл. болды.

Инвестициялардан түскен кірістер. Инвестициялық кірістер балансының тапшылығы базалық кезеңдегі осындай көрсеткішпен салыстырғанда 4,9% төмендеп, есепті кезеңде 19,6 млрд. долл. болды (10-кесте).

10-кесте

Құралдардың түрлері бойынша инвестициялардан кірістер
(«+» - резиденттерге түскені; «-» - резидент еместерге есептелгені)

млн. АҚШ долл.

	2009 9 ай	2010 9 ай	2011 9 ай	2012 9 ай
Шетелдік инвестициялардан кірістер (нетто)	1944,6	1246,0	1538,0	1419,6
Шетелдегі тікелей инвестициялар	-350,6	-441,3	14,3	122,6
Шетелдегі жеке сектордың портфельдік инвестициялары	193,0	108,4	135,5	131,6
Резидент еместерге кредиттер	1397,3	933,8	569,4	364,2
Шетелдік банктердегі жеке сектордың депозиттік және корреспонденттік шоттары	60,6	45,0	40,1	40,9
ҚҰБ халықаралық резервтері мен Ұлттық Қордың активтері	644,4	600,2	778,6	760,2
Қазақстандағы шетелдік инвестициялардан кірістер (нетто)	-9465,3	-15192,8	-22183,6	-21056,7
Тікелей шетелдік инвестициялар	-6896,2	-13243,1	-19819,4	-18313,4
Портфельдік шетелдік инвестициялар	-189,8	-570,0	-1343,1	-1676,2
Резидент еместерден кредиттер	-2310,2	-1338,5	-977,5	-1026,4
Резидент еместердің қазақстандық банктердегі депозиттік және корреспонденттік шоттары	-69,0	-41,3	-43,6	-40,7
Инвестициялық кірістердің балансы	-7520,6	-13946,8	-20645,7	-19637,1

Ақша-кредиттік реттеу органдарының елдің ресми резервтерінен – Ұлттық Банктің халықаралық резервтерінен және шетелдік активтерге орналастырылған Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорының (ҚРҰК) қаражатынан түскен кірістері – базалық кезеңге қарағанда 2,4%-ға төмендеп, 760,2 млн. долл. болды (11-кесте).

11-кесте

Инвестициялық кірістер балансын экономиканың секторлары бойынша бөлу

млн. АҚШ долл.

	2009 9 ай	2010 9 ай	2011 9 ай	2012 9 ай
Инвестициялық кірістер балансы	-7520,6	-13946,8	-20645,7	-19637,1
Ақша-кредиттік реттеу органдары	644,4	600,2	778,6	760,2
Кірістер	644,4	600,2	778,6	760,2
Мемлекеттік басқару секторы	-25,4	-30,5	-43,0	-48,4

Шығыстар	-25,5	-30,6	-43,1	-48,5
Банктер	-406,2	-36,9	-397,3	-695,6
Кірістер	1455,7	949,5	524,8	322,5
Шығыстар	-1861,9	-986,5	-922,1	-1018,1
Басқа секторлар	-7733,4	-14479,5	-20983,9	-19653,3
Шетелге тікелей инвестициялау операцияларынан түскен нетто-кірістер	-352,0	-443,9	23,0	100,7
Қазақстандағы тікелей инвестициялау операциялары бойынша болған нетто-шығыстар	-6825,6	-13359,6	-19858,7	-18131,9
басқа да кірістер	196,4	140,1	211,5	236,0
басқа да шығыстар	-752,1	-816,1	-1359,7	-1858,2

Банк секторы бойынша инвестициялық кірістерді нетто-төлемдер есепті кезеңде базалық кезеңнің қорытындысы бойынша 397,3 млн. долл. салыстырғанда 695,6 млн. долл. болды. Банктер тартқан қаржы инвестициялары бойынша сыйақы төлемдері 1,0 млрд. долл. дейін 10,4%-ға ұлғайды, оның ішінде қазақстандық банктер эмиссиялаған борыштық бағалы қағаздар бойынша 619,4 млн. долл. есептелді, ал несиелер мен қарыздарға қызмет көрсетуге 176,4 млн. долл. жұмсалды.

Банк секторының шетелдік активтерден кірістері 38,5%-ға қысқарып, 322,5 млн. долл. болды, олардың 231,5 млн. долл. жуығы резидент еместерге берілген кредиттер бойынша есептелді.

Мемлекеттік басқару секторы бойынша 48,4 млн. долл. инвестициялық шығыстарға мемлекеттік сыртқы қарыздарға қызмет көрсету есебінен мемлекеттік сектордың төлемдері себепші болды.

Басқа секторлардың операциялары бойынша базалық кезеңмен салыстырғанда Қазақстандағы тікелей инвестициялар бойынша банктік емес сектор кәсіпорындарының нетто-шығыстарының азаюы (8,7%-ға) себепші болған теріс дисбаланстың базалық кезеңге қарағанда шамалы 6,3 %-ға азаюы тіркелді. Тікелей инвестициялау қатынастарына байланысты емес кредиторларға сыйақы 16,0%-ға (базалық кезеңдегі 2,4 млрд. доллардан есепті кезеңдегі 2,7 млрд. долларға дейін) аздап төмендеген кезде тікелей шетелдік инвесторлардың кірістері 7,6% төмендеп, 18,3 млрд. долл. болды.

Ағымдағы трансферттер

Талданатын кезеңде трансферттік түсімдердің 4,4%-ға қысқаруы және трансферттік төлемдердің 21,7%-ға ұлғаюы кезінде 644,5 млн.долл. ағымдағы трансферттер балансының теріс сальдосы базалық кезеңдегі көрсеткішпен салыстырғанда 551,4 млн.долл. өсті.

Трансферттік операциялардың қалыптасқан динамикасы негізінде кедендік әкелу баждарын Кеден одағына мүше мемлекеттердің арасында бөлуге байланысты. Республика алған кедендік әкелу баждарының көлемі базалық кезеңмен салыстырғанда 551,4 млн.долл. небәрі 3,7%-ға ғана ұлғайса, онда одақ мемлекеттерінің пайдасына осындай төлемдер 1,2 млрд.долл. жоғары деңгейге дейін жетіп, 45,5%-ға өсті. Бұл ретте есепті кезеңнің 3-тоқсанының қорытындысы бойынша кедендік баждарды бөлудің басынан бастап бірінші рет олардың Кеден одағының мемлекеттеріне аударылған сомалары осы елдерден келіп түскен сомаларынан артық болды. Нәтижесінде мемлекеттік сектордың трансферттік операцияларының активті сальдосы базалық кезеңмен салыстырғанда 46,4% азайып, 534,2 млн.долл. құрады.

Басқа секторлардың ағымдағы трансферттерінің теріс дисбалансы базалық кезеңмен салыстырғанда 8,2% ұлғайып, есепті кезеңнің қорытындысы бойынша 1,2 млрд.долл. құрады. Шетелден алынған жеке тұлғалардың ақша аударымдарының 15,6% азаюы салдарынан басқа секторларға түсімдер 132,4 млн.долл. сомада қалыптасып, 16,2%-ға азайды, оның ішінде жеке аударымдар 116,5 млн.долл. құрады. Мемлекеттік емес сектордың трансферттік төлемдері 5,1%-ға өсіп, 1,3 млрд.долл. асты, бұл ретте көрсетілген соманың 97% шетелге жіберілген жеке тұлғалардың аударымдарына тиесілі.

Есепті кезеңде Қазақстаннан ТМД елдеріне жеке аударымдары бірінші рет, басқа елдерге аударылған көлемдерден аздап болса да асты. Достастық елдеріне аударымдар 638,8 млн.долл. дейін 30,3%-ға ұлғайды, ал қалған елдерге аударымдар 10,8%-ға қысқарып, 635,4 млн.долл. құрады. Жеке тұлғалардың

ақша аударымдарының негізгі бенефициар елдері бойынша есепті жылғы 9 айда Ресей Федерациясына 464 млн.долл. жуық жіберілген, бұл базалық кезеңге қарағанда 39,9%-ға (132,2 млн.долл.) көп. Сонымен бірге Қазақстаннан Қытайға осындай аударымдар 3,2%-ға (8,7 млн.долл.) қысқарып, сомасы 264,8 млн.долл. құрады, ал Түркияға базалық кезеңдегі 168,8 млн.долл. салыстырғанда, 198,9 млн.долл. жіберілді.

Капиталмен және қаржымен операциялар шоты

Есепті кезеңде капиталмен және қаржымен операциялар шоты ҚР Ұлттық қорының сыртқы активтерінің айтарлықтай ұлғаюымен, банктердің борыштық бағалы қағаздары бойынша өз міндеттемелерін өтеумен, сондай-ақ банктік емес секторы кәсіпорындарының резидент еместерден тартылған несиелер мен қарыздар бойынша міндеттемелерінің өсуімен сипатталады.

Капиталмен операциялар шоты

Капиталмен операциялар шотының теріс сальдосы базалық кезеңдегі 12,9 млн. долл. салыстырғанда, есепті кезеңде 5,2 млн. долл. болды.

Капиталмен операциялар шотының ең маңызды бабы көші-қонмен байланысты трансферттер бойынша – көшіп қонушылардың елден капиталды әкетуі капиталды әкелуінен артық болды. Нәтижесінде есепті кезеңде осы бап бойынша теріс сальдо базалық кезеңдегі 21,5 млн. доллармен салыстырғанда 27,4 млн. доллар болды.

Республиканың көші-қон қызметтерінің деректері бойынша 2012 жылғы 9 айда 2011 жылғы осындай кезеңге қарағанда, елден кеткен көшіп қонушылардың саны Қазақстанға тұрақты тұрғылықты орынға келген тұлғалардың санынан артып түсті. Бұл ретте, көші-қонға байланысты трансферттік түсімдер есепті кезеңде 34,6 млн. долларға (базалық кезеңде 33,0 млн. долл.) бағаланды, ал эмигранттардың активтерді әкетуі бағалау бойынша 62,0 млн. доллар (базалық кезеңде 61,8 млн. долл.) болды.

Қаржылық шот

Есепті кезеңде қаржылық операциялар шоты бойынша таза әкету (резервтік активтерді қоспағанда) базалық кезеңдегі 3,6 млрд. доллар таза әкетумен салыстырғанда 1,2 млрд. долл. болды.

2-диаграммада қаржылық операциялар шоты жай-күйінің динамикасы оның құрылымындағы құралдарды бөліп көрсете отырып берілген.



Басқа секторлар деп жіктелетін банктік емес секторының кәсіпорындары міндеттемелерінің, оның ішінде тікелей инвестициялау операциялары бойынша міндеттемелерінің өсуі, сондай-ақ қазақстандық банктердің шетелдік активтерінің төмендеуі Ұлттық Қордың шетелдік активтерінің өсуін жапты, сонымен есепті кезеңнің қорытындысы бойынша қаржы операцияларының оң дисбалансын көрсетті (11-кесте).

Есепті кезеңде ҚР Ұлттық Қорының және банктік емес сектор кәсіпорындарының (Басқа секторлар деп жіктеледі) шетелдік активтерінің өсуі және қазақстандық банктер міндеттемелерінің төмендеуі (банктердің борыштық бағалы қағаздары бойынша өз міндеттемелерін өтеуіне байланысты болған) басқа секторлар міндеттемелерінің өсуімен ішінара өтелді. (12-кесте).

12-кесте

Экономиканың секторлары бойынша қаржы шотының балансы

("+" - активтердің төмендеуі/міндеттемелердің ұлғаюы; "-" - активтердің ұлғаюы/міндеттемелердің төмендеуі)

млн. АҚШ долл.

	2009 9 ай	2010 9 ай	2011 9 ай	2012 9 ай
Қаржы операциялары шотының балансы (резервтік активтерді есепке алмағанда)	6344,6	-7503,6	-3571,5	-1169,4
<i>Ақша-кредиттік реттеу органдары</i>	4353,3	-6044,2	-8802,6	-11719,7
Активтер	3703,4	-5679,5	-8451,5	-11692,0
Міндеттемелер	649,9	-364,7	-351,1	-27,7
<i>Мемлекеттік басқару секторы</i>	-20,2	1199,0	364,7	57,9
Активтер	0,7	-0,1	0,9	0,9
Міндеттемелер	-20,9	1199,1	363,8	57,0
<i>Банктер</i>	-7279,6	-11019,2	-2660,7	-731,8
Активтер	-44,8	-159,9	-1489,1	64,7
<i>оның ішінде тікелей инвестициялау операциялары бойынша</i>				
Міндеттемелер	-27,6	-20,7	10,0	4,3
<i>оның ішінде тікелей инвестициялау операциялары бойынша</i>				
Міндеттемелер	-7234,8	-10859,3	-1171,6	-796,6
<i>оның ішінде тікелей инвестициялау операциялары бойынша</i>				
Міндеттемелер	308,5	138,7	522,1	452,8
<i>Басқа секторлар</i>	9291,0	8360,8	7527,0	11224,2
Активтер	-5368,5	-4292,6	-7501,9	-4765,9
<i>оның ішінде тікелей инвестициялау операциялары бойынша</i>				
Міндеттемелер	-3835,2	-3889,4	-4416,5	-1794,9
<i>оның ішінде тікелей инвестициялау операциялары бойынша</i>				
Міндеттемелер	14659,5	12653,5	15028,9	15990,2
<i>оның ішінде тікелей инвестициялау операциялары бойынша</i>				
Міндеттемелер	10474,3	10997,8	12459,3	12061,7

Тікелей инвестициялар

Есепті кезеңде шетелдік тікелей инвестициялардың (ШТИ) таза түсімі 10,7 млрд. долл. құрады (базалық кезеңде 8,6 млрд. доллар).

Шетелге тікелей инвестициялар бойынша 1,0 млрд. доллардағы (базалық кезеңде 3,9 млрд. долл.) ресурстардың нетто-әкетілуі негізінен көтерме және бөлшек сауданы, автокөлікті жөндеуді, сондай-ақ шикі мұнайды және табиғи газды игеруді, бас компаниялардың қызметін және басқару мәселелері бойынша консультацияларды жүзеге асыратын қазақстандық кәсіпорындардың шетелдік филиалдарының және еншілес ұйымдарының акционерлік капиталын ұлғайтумен қамтамасыз етілді. Сонымен бірге есепті кезеңде қазақстандық акционерлердің өздерінің шетелдік филиалдары алдындағы борыштық міндеттемелері 731 млн. долл. өскені (көбінесе үшінші тоқсанда) байқалды.

Қазақстанға шетелдік тікелей инвестициялардың нетто-әкелуі 11,7 млрд. доллар болды. Есепті кезеңде акционерлік капиталдың 2,2 млрд. доллардан 3,9 млрд. долларға дейін өсуі байқалды, ол біріншіден резидент еместердің «Қазақтелеком» ААҚ Қазақстан GSM» ЖШС және «Шұбаркөл көмір» АҚ қазақстандық кәсіпорындарына қатысу үлесін сатып алуымен және ҰИИДМБ шеңберіндегі жобаларды қаржыландырумен түсіндіріледі. Сонымен бірге акционерлік капитал бойынша Қазақстан Республикасының Қарашығанақ жобасына 10%-дық үлесті сатып алу бойынша мәміленің аяқталу операцияларының нәтижесінде әкету тіркелді. Сондай-ақ ШТИ жалпы әкелінуі шетелдік тікелей инвесторлар алдындағы фирмааралық берешек бойынша міндеттемелерді 5,2 млрд. долл. өтеумен ішінара өтелді.

Қазақстанға ШТИ жалпы әкелуі² есепті кезеңде базалық кезеңдегі деңгейде 17,0 млрд. долл. болды. Инвестициялаудың негізгі салалары бойынша ШТИ салымдары *ақпарат пен байланысқа* – 5,8 есе (334 млн. доллардан 1,9 млрд. долларға дейін) ұлғайды, *көтерме және бөлік саудағы, автокөлікті жөндеуге* – 27,6%-ға, сақтандыру және зейнетақы қорларының қызметін қоспағанда, қаржылық қызметке – 86,5%-ға, *геологиялық барлау және зерттеулер жүргізу бойынша қызметке* – базалық кезеңдегі 6,7 млрд. долларға қарсы 5,0 млрд. долларды құрап, 25,2%-ға қысқарды, *шикі мұнай және табиғи газ өндіруге* –2,4 млрд. доллардан 1,5 млрд. долларға дейін 37,4%-ға қысқарды. Сондай-ақ есепті кезеңде ШТИ *металл өнеркәсібіне, машиналар мен жабдықтарды және құрылысты қоспағанда, дайын металл өнімдерін өндіруге* жоғарғы салыммен белгіленді, олар тиісінше 914 млн. долларды және 900 млн. долларды құрады.

Елдер бойынша шетелдік тікелей инвестициялардың жалпы әкелудің құрылымында бұрынғыдай Нидерланд (ШТИ жалпы түсімдерінің 39,0%) басым болды, бұдан әрі үлкен үзіліспен Қытай (10,8%), Канада (6,2%), Бельгия (5,0%), Франция (4,9%), АҚШ (2,8%), Швейцария (2,4%), Виргин (Британ) аралдары (2,2%), Германия, Жапония және Корей Республикасы (2,1% бойынша) ілесті.

Портфельдік инвестициялар және туынды қаржы құралдары

Есепті кезеңде 12,8 млрд. долларды (базалық кезеңде 8,2 млрд. долл.) құраған *портфельдік инвестициялау операциялары бойынша* нетто-әкету, бірінші кезекте, резиденттердің шетелдік активтері өсуімен қамтамасыз етілді, оның ішінде операциялары *Ақша-кредиттік реттеу органдары* секторында көрсетілетін ҚР Ұлттық Қордың сыртқы активтері 12,2 млрд. долларға өсуімен қамтамасыз етілді. Банк секторының сыртқы активтері 0,1 млрд. долларға аздап өсті, *басқа секторлардың* шетелдік активтері 0,4 млрд. долларға төмендеді (13-кесте).

13-кесте

Экономика секторлары бөлігінде портфельдік инвестициялар бойынша операциялар

млн. АҚШ долл.

	2009 9 айы	2010 9 айы	2011 9 айы	2012 9 айы
Активтер	1906,2	-6056,8	-9053,9	-11888,0
<i>Ақша-кредиттік реттеу органдары</i>	<i>3664,0</i>	<i>-5971,7</i>	<i>-8366,8</i>	<i>-12197,7</i>
Капиталға қатысуды қамтамасыз ететін бағалы қағаздар	-586,3	-557,3	-160,7	-1333,5
Борыштық бағалы қағаздар	4250,3	-5414,4	-8206,1	-10864,2
<i>Банктер</i>	<i>-169,3</i>	<i>-174,7</i>	<i>-24,3</i>	<i>-101,0</i>
Капиталға қатысуды қамтамасыз ететін бағалы қағаздар	0,9	-10,8	-2,7	5,3
Борыштық бағалы қағаздар	-170,3	-163,9	-21,6	-106,3
<i>Басқа секторлар</i>	<i>-1588,5</i>	<i>89,7</i>	<i>-662,8</i>	<i>410,7</i>
Капиталға қатысуды қамтамасыз ететін бағалы қағаздар	136,3	-64,8	-99,4	-36,2
Борыштық бағалы қағаздар	-1724,8	154,4	-563,3	446,9
Міндеттемелер	910,6	8067,2	895,4	-896,6
<i>Мемлекеттік басқару секторы</i>	<i>-28,1</i>	<i>40,9</i>	<i>145,9</i>	<i>-19,8</i>

²Қазақстанның еншілес кәсіпорындарының акционерлік капиталына түсімдер, қайта инвестицияланған пайда және шетелдік бас компаниялардан өтеуді ескермей тартылған борыштық қаржыландыру кіреді

Борыштық бағалы қағаздар	-28,1	40,9	145,9	-19,8
<i>Ақша-кредиттік реттеу органдары</i>	-7,1	-301,4	-114,3	-19,8
<i>Банктер</i>	727,9	7820,9	166,1	-946,2
Капиталға қатысуды қамтамасыз ететін бағалы қағаздар	42,9	-11,8	-8,0	-56,0
Борыштық бағалы қағаздар	685,0	7832,7	174,0	-890,2
<i>Басқа секторлар</i>	218,0	506,8	697,7	89,3
Капиталға қатысуды қамтамасыз ететін бағалы қағаздар	192,6	142,9	19,5	-63,2
Борыштық бағалы қағаздар	25,3	363,8	678,2	152,5
Портфельдік инвестициялар балансы	2816,8	2010,4	-8158,5	-12784,6

Есепті кезеңде портфельдік міндеттемелердің 897 млн. долларға төмендеуі (базалық кезеңдегі 895 млн. долларға ұлғаюы) қазақстандық банктердің сыртқы міндеттемелері бұрын шығарылған еурооблигацияларды өтеу есебінен қысқаруына негізделген, сондай-ақ белгіленбеген мерзімде төленбеу салдарынан басқа инвестициялардағы мерзімі өткен берешек санатына ауыстырылған «БТА Банкі» АҚ-ның облигацияларына бұрын есептелген сыйақы есебінен банктердің портфельдік міндеттемелері қысқарды.

Туынды қаржы құралдармен операциялар бойынша ресурстардың нетто-әкетілуі 114,5 млн. долларды (базалық кезеңде нетто-әкелу 166,9 млн. доллар) құрады. Есепті кезеңде туынды қаржы құралдармен операцияларды негізінен банктер жасады.

Басқа инвестициялар

Базалық кезеңде резидент еместер алдындағы міндеттемелердің 93,0 млн. долл. төмендеуімен салыстырғанда резиденттер алдындағы міндеттемелер 3,7 млрд. долл. өсуімен қамтамасыз етілген Басқа *инвестициялар* бабы бойынша тіркелетін операциялар бойынша есепті кезеңде 1,0 млрд. долл. (базалық кезеңде 4,2 млрд. долл. нетто-әкету) таза әкелу қалыптасты

Көбінесе *басқа секторлар* ретінде жіктелетін банктік емес сектор кәсіпорындарының ұзақ мерзімді қарыз алулары 3,4 млрд. долл. ұлғаюымен міндеттемелердің өсуі байланысты. Банктердің резидент еместерден тартқан несиелері мен қарыздары бойынша міндеттемелерін 951,2 млн. таза өтеуін ескеріп, орташа- және ұзақ мерзімді инвестициялар бойынша нетто-әкелу 2,7 млрд. долларды құрады (14-кесте).

14-кесте

Резиденттердің «Басқа инвестициялар» бабында көрсетілген сыртқы міндеттемелерінің өзгеруі («+» – міндеттемелердің өсуі, «-» – міндеттемелердің төмендеуі)

млн. АҚШ долл.

	2009 9 айы	2010 9 айы	2011 9 айы	2012 9 айы
Орташа және ұзақ мерзімді инвестициялар	-3074,9	-13665,2	260,1	2754,1
Мемлекеттік басқару секторы	7,2	1158,3	217,9	76,8
Қарыздар	7,2	1158,3	217,9	76,8
Ақша-кредиттік реттеу органдары	540,7	0,0	0,1	0,0
Басқа да міндеттемелер	540,7	0,0	0,1	0,0
Банктер	-8173,9	-15777,1	-1573,1	-951,2
Қарыздар	-8173,9	-15777,1	-1573,1	-951,2
Басқа да секторлар	4551,1	953,6	1615,2	3628,5
Сауда кредиттері	-18,0	-153,7	778,2	197,3
Қарыздар	4569,1	1107,3	837,0	3431,2
Қысқа мерзімді инвестициялар	-436,1	-2691,4	-353,1	978,3
Ақша-кредиттік реттеу органдары	63,5	-46,1	-235,0	2,2
Валюта және депозиттер	63,5	-46,1	-235,0	2,2
Банктер	73,6	-2866,7	-419,9	764,6
Қарыздар	-1184,8	-184,5	78,0	232,0
Валюта және депозиттер	-404,9	-49,3	-533,6	68,4

Басқа да міндеттемелер	1663,3	-2633,0	35,7	464,2
Басқа да секторлар	-573,2	221,4	301,8	211,5
Сауда кредиттері	-10,7	64,5	62,2	402,4
Қарыздар	-618,8	180,7	301,9	-196,9
Басқа да міндеттемелер	56,3	-23,9	-62,4	6,1
Міндеттемелердің өсімі, барлығы	-3511,0	-16356,7	-93,0	3732,4

Қысқа мерзімді инвестициялар бойынша міндеттемелердің 978,3 млн. долларға өсуі қазақстандық банктердің резидент еместер алдындағы қысқа мерзімді несиелері мен қарыздары бойынша міндеттемелері 232,0 млн. долл. ұлғаюымен және басқа секторлардың кредиторлық берешегі 402,4 млн. долл. өсуімен негізделген. Сонымен қатар, банктер есепті кезеңде қайтаруға жататын несиелер мен қарыздар бойынша берешектерін толығынан өтемегендеріне байланысты банктердің несиелер мен қарыздар бойынша міндеттемелері төмендегені мерзімі өткен берешек нысанындағы қысқа мерзімді міндеттемелерінің өсуімен ішінара (464,2 млн. долларға) өтелді.

Басқа инвестициялар бабы бойынша шетелдік активтердің 2,7 млрд. долларға ұлғаюы *басқа секторлардың* шетелдік активтері 3,4 млрд. долларға өсуімен, оның ішінде дебиторлық берешектері 1,6 млрд. долл. және шетелдік шоттардағы активтер 1,1 млрд. долл. өсуімен байланысты.

Банктердің операциялары бойынша 149,2 млн. долл. таза әкелу резидент еместердің несиелер мен қарыздар бойынша берешектерін 1,0 млрд. долл. өтегенімен қамтамасыз етілді, олардың көптеген бөлігі резиденттер еместердің төленбеген берешегін «*басқа активтер*» бабы бойынша мерзімі өткен санатқа есептен шығару болып табылады (15-кесте).

15-кесте

Резиденттердің «Басқа инвестициялар» бабында көрсетілген шетелдік активтерінің өзгеруі ("+" - активтердің төмендеуі, "-" - активтердің ұлғаюы)

млн.АҚШ долл.

	2009 9 айы	2010 9 айы	2011 9 айы	2012 9 айы
Мемлекеттік басқару секторы	0,7	-0,1	0,9	0,9
Қарыздар	0,9	0,9	0,9	0,9
Басқа да активтер	-0,3	-1,0	0,0	0,0
Ақша-кредиттік реттеу органдары	12,8	323,8	-86,2	505,0
Валюта және депозиттер	12,8	323,8	-86,2	508,8
Басқа да активтер	0,0	0,0	0,0	-3,8
Банктер	-66,4	-200,1	-1553,9	149,2
Қарыздар	1259,4	1468,1	1684,5	1049,6
Валюта және депозиттер	369,1	1147,0	-1542,8	-25,0
Басқа да активтер	-1694,8	-2815,2	-1695,7	-875,5
Басқа секторлар	33,3	-493,6	-2422,6	-3381,7
Сауда кредиттер	791,7	-1406,7	-1398,8	-1632,4
Қарыздар	-623,2	1080,3	-357,8	-564,4
Валюта және депозиттер	3,6	-353,2	-337,8	-1123,1
Басқа да активтер	-138,8	185,9	-328,2	-61,8
Активтердің өзгеруі, барлығы	-19,6	-370,1	-4061,8	-2726,7

Жеке сектордың капиталды таза кіргізуі есепті кезеңде 2,8 млрд. долларға бағаланады (2011 жылғы 9 айда таза кіргізу 0,9 млрд.долл.). Оған берілетін тиісті есептер І.13-қосымшада берілген.

Резервтік активтер

Есепті кезеңде Ұлттық Банктің халықаралық резервтері операциялық өзгерістер нәтижесінде 2012 жылдың үшінші тоқсанындағы операциялардың есебінен 1,1 млрд. долларға азайды. Резервтердің төмендеуі негізінен Ұлттық Банктің ішкі валюталық нарықтағы өктемдегімен, сондай-ақ Үкіметтің ішкі қарызын өтеу және қамтамасыз ету есебінен жүргізілген төлемдермен қамтамасыз етілді.

Қорытындысында, 2012 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша жалпы халықаралық резервтер 30,1 млрд. долларға бағаланды, бұл тауарлар мен қызметтердің қазақстандық импортын 6,1 айға қаржыландыруды қамтамасыз етеді.

Нақты тиімді айырбас бағамының динамикасы

2012 жылғы 9 ай ішінде нақты көрсетілімдегі теңге бағамының динамикасында өсу және түсу тренді болды. Мәселен, бірінші тоқсанда әлемдік тауар нарығында қалыптасқан оң конъюктура теңгені номиналды күшейтіп, тауар экспорты ұлғаюына әсер етті. Сәуір-шілдені қоса алғандағы кезеңіндегі мұнайдың бағасы барынша құбылуы және түсуі серіктес-елдердің көптеген валюталары әлсізденуіне, оның салдары ретінде, теңге бағамы құнсыздануына әкелді. Үшінші тоқсанда теңге қайтадан нығайды. Негізгі серіктес-елдердің инфляциясының қарқыны түрлі бағыттағы динамиканы көрсеткенін атап өту қажет. Қорытындысында, басқа факторлармен байланысып, теңгенің айырбастау бағамына қысым жасалды, бұл нақты көрсетілімде оның орташа нығаюына әкелді.

2012 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша теңгенің нақты тиімді айырбас бағамының (НТАБ) индексі 0,6%-ға нығайып, 2000 жылғы желтоқсандағы бәсекелестіктің базалық деңгейінде 112,6 құрады (2009 жылғы желтоқсанда 112,3). Бұл ретте, ТМД елдеріне қарағанда әлсіздену 1,6% деңгейінде болды, ал алыс шетелдің елдеріне қатысты нығаю – 1,4% деңгейде болды.

Кіріс өндіріс факторларын – еңбек пен капиталды пайдаланудан түсетін кірістен тұрады. Бұл қызметкерлерге өтемақылар, сондай-ақ экономиканың секторлары бойынша тікелей, портфельдік, басқа да инвестициялар мен резервтерден түсетін кірістер. Капиталдан түсетін кірістер дивидендтер, пайыздар және басқадай кірістер түрінде болуы мүмкін. Тікелей инвестициялардан түсетін кірістер ТБ-да шетелге салынған капитал үшін де, сол сияқты ішкі экономикаға салынған инвестициялар үшін де таза негізде есепке алынады, яғни көрсетілген әрбір санат үшін – капиталға қатысудан кірістер және борыштық міндеттемелер бойынша кірістер үшін түсімдер мен төлемдер арасындағы әртүрлілік (сальдо) көрсетіледі.

Ағымдағы трансферттерге экономикалық құнның баламасын өтеусіз алған немесе берген, мысалы, гранттар, гуманитарлық және техникалық көмек секілді нақты және қаржы ресурстарымен операциялардың орнын толтыратын жазбалар кіреді. Бұл бап әр түрлі халықаралық және мемлекетаралық ұйымдарға үкіметтік жарналарды, жеке тұлғалардың салықтары мен аударымдарын қамтиды.

Капиталмен операциялар шоты.

Күрделі трансферттерге мүлікке меншік құқығын өтеусіз беру, негізгі қорлар және борышты кешіру кіреді. Ақша қаражатын өтеусіз беру бұл қаражат негізгі қорлар сатып алуға немесе күрделі құрылысқа арналса ғана күрделі трансферттер ретінде қаралады. Кредитордың қарызды жоюы немесе «қарызды кешіруі» кредитордың кредитор мен борышкер арасындағы келісім нысанында ресімделген, заемшының нақты берешегінің бір бөлігінен немесе барлық сомасынан өз еркімен бас тартатынын білдіреді.

Шығарылмаған қаржылық емес активтерді сатып алу/сату лицензия, ноу-хау, сауда белгілері тәрізді материалдық емес активтерді сатып алу/сату бойынша операциялардан тұрады.

Қаржы операцияларының шоты.

Тікелей инвестициялар. Тікелей инвестор - қатысу үлесі бар немесе өзі инвестициялаған кәсіпорынның кемінде 10% акциясын иеленуші инвестор. Тікелей инвестициялар тауарлар, жылжымайтын мүлік және қаржы ресурстары нысанында болуы мүмкін. Тікелей инвестициялар санатында көрініс табатын операциялардың қатарына тікелей инвестициялаудың өзара қарым-қатынас негізін қалайтын капитал салу бойынша бастапқы операция ғана емес, сонымен қатар инвестор мен кәсіпорын арасындағы барлық кейін болатын операциялар да жатады, осы жерде аффилиирленген кәсіпорындар арасындағы кез келген ағындар есепке алынады.

Тікелей инвестициялар төлем балансында салымдардың бағыты бойынша жіктеледі: резиденттердің экономикалық мәні бар активтер ретінде шет елдерге тікелей инвестициялары және резидент еместер алдындағы экономикалық сипаттағы міндеттемелер ретінде резидент еместердің Қазақстанға тікелей инвестициялары.

Портфельдік инвестициялар. Бұл санатқа бағалы қағаздарға салынып, кәсіпорын капиталына 10%-дан аз қатысуды қамтамасыз ететін инвестициялар, сондай-ақ борыштық бағалы қағаздар жатады. Борыштық бағалы қағаздарға облигациялар, мерзімі бір жылдан асатын айналыстағы вексельдер және ақша нарығының (қысқа мерзімді капиталдар нарығының) құралдары кіреді.

Туынды қаржы құралдарына опциондар (валюталық, пайыздық, тауарлық және т.б.), айналыстағы қаржы фьючерстері, варранттар және валюталық және пайыздық своптар туралы келісімдер сияқты құралдар кіреді.

Басқа инвестицияларға сауда (коммерциялық) кредиттері, үкіметтік және жеке заемдар, валюта және депозиттер, сондай-ақ тауарларды және қызмет көрсетулерді жеткізу жөніндегі келісімшарттары бойынша дебиторлық және кредиторлық берешекті қоса алғанда, басқа да активтер мен міндеттемелер кіреді. Сауда кредиттері бойынша міндеттемелер бөлігінде мемлекет кепілдік берген және кепілдік бермеген кредиттер бойынша шағын баптар бөлінеді.

Резервтік активтерге елдің ҚҰБ-ның бақылауында тұрған және кез келген уақытта төлем балансының тапшылығын тікелей қаржыландыру үшін пайдаланылуы мүмкін сыртқы активтері кіреді; резервтік активтер сол сияқты ұлттық валюта бағамына ықпал ететін валюта нарығындағы операциялар арқылы осы тапшылық мөлшеріне жанама ықпал ету мақсатында да пайдаланылуы мүмкін.

Резервтік активтер монетарлық алтыннан, СДР (Special Drawing Rights), ХВҚ-ға резервтік позициялардан, шетел валютасындағы активтерден (қолма-қол ақшадан, депозиттерден және бағалы қағаздардан тұратын) және басқа талаптардан тұрады. Төлем балансындағы монетарлық алтынға қатысты басқа орталық банктермен немесе халықаралық қаржы ұйымдарымен сатып алу/сату операциялары нәтижесінде пайда болған алтын қорларындағы өзгерістерді ғана көрсету қабылданған.

Төлем балансында стандартты (бейтарап) және талдамалық ұсыным нысандары бар. ТБ-ның талдамалық ұсынымында баптар Қазақстанның ТБ үшін неғұрлым маңызды операцияларды ерекше көрсететіндей етіп топтастырылады. Сонымен қатар, талдау принципі бойынша құрылған Қазақстанның ТБ-да төлем балансы тапшылығын қаржыландыру және резервтік активтерді өзгерту мақсатында қолданылатын операциялар *Қаржыландыру* бөлімі бойынша «сызық астында» тіркеледі. Талдамалық ұсынымдағы ТБ-ның жиынтық сальдосын экономикалық түсіндіру резиденттердің дербес жүзеге асыратын сыртқы экономикалық операцияларының (яғни, жеке мақсаттарына жауап беретін) нәтижелерін білдіреді. Егер сальдо оң болған жағдайда «сызық астындағы» баптарда резервтік активтердің өсімі көрсетіледі, егер ол теріс болса, «сызық астында» баптарда осы сальдоны қаржыландыру көрсетіледі: резервтік активтердің азаюы; ТБ тапшылығын қаржыландыру мақсатында ХВҚ-ның ресурстарын тарту; айрықша қаржыландыру бойынша басқа да операциялар.

Халықаралық инвестициялық ұстанымға әдіснамалық түсіндірме

Халықаралық инвестициялар балансы (халықаралық инвестициялық ұстаным) – белгілі бір күнге жинақталған сыртқы қаржылық активтер мен міндеттемелер қорларын көрсететін статистикалық есеп. Оған кіретін баптар осы елдің резиденттерінің резидент еместерге қатысты қаржылық талаптары мен міндеттемелерін, монетарлық алтынды және СДР қамтиды. Сыртқы қаржылық активтер мен міндеттемелер қорлары арасындағы айырмашылық елдің таза халықаралық инвестициялық ұстанымын құрайды.

Төлем балансы мен халықаралық инвестициялар балансы жиналып елдің сыртқы экономикалық шоттарының жиынтығын білдіреді. Халықаралық инвестициялық ұстаным ХВҚ Төлем Балансы жөніндегі нұсқаулығының 5-ші басылымы (ТБН-5) негізінде жасалады. Халықаралық инвестициялық ұстанымды және төлем балансын қалыптастырудың әдіснамалық тәсілдері толығымен сәйкес келеді.

Халықаралық инвестициялық ұстаным бойынша есеп қорларды (кезең басындағы және аяғындағы) және ағындарды (кезеңде әр түрлі қаржы құралдарымен сыртқы экономикалық операциялар негізінде болған өзгерістер; қаржы құралдарының нарықтық бағалары деңгейінің ауытқуынан АҚШ долларына қатысты валюта бағамының оларды деноминирлеуден ауытқуынан туындаған құнның өзгеруі; жіктеуді қайта қараудан, үмітсіз борыштарды есептен шығарудан, респонденттерді түрлі қамтудан және басқа да түзету рәсімдерінен) сәйкес келтіру түрінде ұсынылады.

Есепке алу ережесі:

Операциялар есептеу әдісі бойынша және мәміленің нақты құны бойынша көрсетіледі. Қаржы активтері мен міндеттемелерінің көпшілік бөлігінің ұстанымы баланстық құн бойынша көрсетіледі. Нарықтық құн бойынша қайта санауды Қазақстан қор биржасы құнын белгілеуді жүзеге асыратын құралдар бойынша ғана жүзеге асырады. Өзге валюталармен көрсетілген қаржы активтері мен міндеттемелер бойынша позицияларды қайта есептеуді респонденттер есепті кезеңнің соңғы күні Қазақстан Республикасында бухгалтерлік есеп жүргізу мақсатында қабылданған бағам бойынша жүзеге асырады. Операциялардың көпшілік бөлігі жүргізілген күнгі бағам бойынша аударылады.

Деректерді құру тәжірибесі

Қаржы активтерімен және міндеттемелермен операциялар бойынша статистикалық есептілік сыртқы экономикалық шоттарды (төлем балансын, халықаралық инвестициялық ұстанымды, сыртқы

борышты) қалыптастыру үшін деректер көзі болып табылады. Респонденттер ұсынатын есеп капитал қозғалысына байланысты валюталық операцияларды Ұлттық Банкте тіркеу және лицензиялау нәтижелері бойынша, сондай-ақ банктердің және бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың ақпараттары бойынша салыстырып тексеріледі және түзетіледі.

Басқа макроэкономикалық шоттармен байланыс

Мемлекеттік қаржы статистикасы

Сыртқы экономикалық шоттар статистикасының (төлем балансының, ХИҰ-ның, сыртқы борыштың) және мемлекеттік қаржы статистикасының (МҚС) әдіснамалық тәсілдерінде мынадай айырмашылықтар бар:

ҚР Қаржы министрлігінің еурооблигациялары МҚС-та бастапқы эмиссиясының көлемі бойынша есепке алынады. ХИҰ-ны қалыптастыру кезінде резидент еместерде нақты бар еурооблигациялар ғана есепке алынады. Яғни, ХИҰ-ны қалыптастыру кезінде резидент еместерден Қазақстанның резиденттері сатып алған еурооблигациялары резидент еместердің есебінен шығарылады.

МҚС-тағы ҚР мемлекеттік басқару секторының сыртқы борышына тікелей мемлекеттік сыртқы борыштан басқа Қазақстан Үкіметі кепілдік берген, бірақ мемлекеттік ретінде қабылданған борыш та кіреді. ХИҰ-ны қалыптастыру кезінде тікелей мемлекеттік сыртқы борыш қана есепке алынады.

МҚС-тағы қазақстандық кәсіпорындардың Қазақстан Үкіметі кепілдік берген борышына сыртқы борыштан басқа сонымен бірге ішкі борыш та (Қазақстан резиденттері алдындағы) кіреді. ХИҰ-ны қалыптастыру кезінде қазақстандық кәсіпорындардың Қазақстан Үкіметі кепілдік берген сыртқы борышы ғана есепке алынады.

ҚР Үкіметінің өткен есептік кезеңдердегі МҚС-тағы заемдар бойынша игеру және өтеу көлемдерін нақтылау кезінде тиісті кезеңдердің аяғындағы бағалар түзетілмейді. Соған байланысты ХИҰ-да ағындармен сәйкестендіру мақсатында МҚС-пен айырмашылықтар пайда болуы мүмкін тікелей мемлекеттік сыртқы борыш қорлары нақтыланады.

Ақша-кредит статистикасы

Сыртқы экономикалық шоттар статистикасының (төлем балансының, ХИҰ-ның, сыртқы борыштың) және ақша-кредит статистикасының (АҚС) әдіснамалық тәсілдері толығымен дәл келеді. Екінші деңгейдегі банктерге (ЕДБ) монетарлық шолу қазақстандық банктердің бухгалтерлік балансы негізінде қалыптастырылады және олар түзетілмейді. ХИҰ-ны жасау тәжірибесі респонденттердің есептерін түзетуге мүмкіндік береді. Түзетулер ең алдымен қаржы құралдарын түрлері, валюта, резиденттік бойынша қайта жіктеуден тұрады.

Қаржы құралының түрі бойынша түзетулер: Қаражаты бірінші талап ету бойынша немесе белгіленген хабарлау мерзіміне сәйкес алынбайтын депозиттік шоттар депозиттердің санаттарына емес, несиелердің санаттарына жіктеледі, себебі олардың экономикалық сипаты несиеге неғұрлым жақын. Бұл санатқа ең алдымен, қаражаттары еурооблигациялар шығару арқылы алынған қазақстандық банктер дүниежүзілік капитал нарықтарында делдалдық мақсатпен шет елдерде құрған еншілес компаниялардан депозиттер түседі.

Резиденттік бойынша түзетулер: қазақстандық банктер дүниежүзілік капитал нарықтарында делдалдық мақсатпен шет елдерде құрған еншілес компаниялар шығарған еурооблигациялар резиденттік бағалы қағаздардың санатына емес, резиденттік емес бағалы қағаздардың санатына жіктеледі.

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТӨЛЕМ БАЛАНСЫН ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПОЗИЦИЯСЫН ЖАСАУДЫҢ
АҚПАРАТТЫҚ БАЗАСЫ**

Баптың ағауы	Ақпарат көздері	Ақпараттың мазмұны
ТАУАРЛАР		
Фоб бағасындағы, о.і. бартер бойынша экспорт	ҚР Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті (ҚР ҚМ КБК)	Кеден одағына мүше мемлекеттермен өзара сауда және үшінші елдермен кедендік статистика (КС) бойынша статистикалық есептіктің деректері
Сиф бағасындағы, о.і. бартер бойынша импорт	ҚР ҚМ КБК	Кеден одағына мүше мемлекеттермен өзара сауда және үшінші елдермен КС бойынша статистикалық есептіктің деректері
Тауарларды жөндеу	Кәсіпорындар	№10-ТБ нысан бойынша «Резидент еместермен халықаралық операциялар туралы есеп»
Айлақтарда көлік ұйымдары сатып алатын тауарлар	Көлік кәсіпорындары	Нысандар бойынша статистикалық есептілік деректері: ◆ № 2-ТБ «Жүк және жолаушылар тасымалдау және басқа да көлік операциялары үшін түсімдер мен төлемдер туралы есеп», ◆ № 5-ТБ «Резидент емес көлік кәсіпорындарынан алынған түсім туралы есеп»
Түзетулер: “Бакал” сауда	ҚҰБ Шекара қызметі	Елдер бойынша және жол жүру мақсатында шекарадан өткен тұлғалардың саны туралы деректер Жеке тұлғалардың ресми статистикада тіркелмейтін экспорттық-импорттық операциялар көлемін ҚҰБ-ның бағалауы
Балама емес бартер	ҚР ҚМ КБК	ҚО
Фрахт	Кәсіпорындар ҚҰБ	«Кәсіпорындардың тауарды экспорттау және импорттау кезінде тасымалдау мен сақтандыруға жұмсаған шығыстары туралы зерттеу сауалнамасы» нысаны бойынша жыл сайынғы статистикалық бақылау деректері ҚҰБ-ның тауарларды импорттау кезінде ҚР шекарасына дейін тасымалдауға және сақтандыруға жұмсалған шығыстарды бағалауы
ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУЛЕР		
Көлік қызметі	Көлік кәсіпорындары ҚҰБ	Мынадай нысандар бойынша статистикалық есептілік деректері: ◆ № 2-ТБ, ◆ № 3-ТБ, ◆ № 4-ТБ «Резидент емес көлік кәсіпорындарының атынан жүзеге асырылған операциялар туралы есеп», ◆ № 5-ТБ ҚҰБ-ның жүкті тасымалдауға шығыстарды бағалауы
Сапарлар	Шекара қызметі ҚҰБ	Елдер бойынша және сапарға шығу мақсатында шекарадан өткен тұлғалардың саны туралы деректер ҚҰБ-ның резиденттердің шетелге сапарларының шығыстарын және резидент еместердің ҚР-дағы шығыстарын бағалауы
Байланыс қызметі	Байланыс кәсіпорындары	2007 жылғы 1-тоқсаннан бастап – жеке тұлғалардың оқуға және емделуге байланысты, төлемдер мақсатының кодтар (ТМК) бойынша қалыптастырылған статистика деректері
Мемлекеттік қызмет	ҚР мемлекеттік басқару органдары, ЕДБ	№ 6-ТБ «Резидент еместерден алынған (резидент еместерге берілген) байланыс қызметі туралы есеп» нысаны бойынша статистикалық есептілік деректері Мынадай нысандар бойынша статистикалық есептілік деректері ◆ № 7-ТБ «Резидент еместерден алынған (резидент еместерге берілген) қызметтер мен жәрдемақылар туралы есеп», ◆ № 9-ТБ «Резидент еместерге қойылатын қаржы талаптарының және олардың алдындағы

Басқа да халықаралық қызметтер	кәсіпорындар, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар, ЕДБ, ҚР Қаржы министрлігі (ҚР ҚМ), сақтандыру ұйымдары, ҚҰБ бөлімшелері	міндеттемелердің жағдайы туралы есеп» Мынадай нысандар бойынша статистикалық есептілік деректері: ◆ №10-ТБ, ◆ «Коммерциялық кредиттерді, қаржы заемдарын игеру және қызмет көрсету туралы есеп» №129 ҚР-да валюта операцияларын жүзеге асыру ережесінің (бұдан әрі – Ереже) №6 қосымшасы, ◆ №15-ТБ «Резидент еместермен бағалы қағаздар бойынша халықаралық операциялар туралы есеп», нысандар бойынша ведомстволық есептілік деректері ◆ №9-ТБ, ◆ №11-ОБ «Гранттарды алу және игеру туралы және кредиттерді пайдалану мен өтеу туралы есеп», ◆ №14-ТБ «Қазақстанның ресми шетелдік заемдары бойынша есеп», ◆ №11-ТБ «Халықаралық сақтандыру операциялары және қайта сақтандыру туралы есеп», және ҚҰБ резидент еместермен жасаған келісім-шарттар туралы мәлімет 2007 жылғы 1-тоқсаннан бастап – жеке тұлғалардың оқуға және емделуге байланысты, ТМК бойынша қалыптастырылған статистика деректері
КІРІС		
Қызметкерлерге өтемақы	Кәсіпорындар, Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі	№10-ТБ нысан бойынша статистикалық есептілік деректері, ресми емес түрде жұмыс істейтін еңбек иммигранттарының жалақысын бағалау, лицензиаттар арқылы шет елге жұмысқа кеткен резиденттердің жалақысын бағалау
Инвестициялардан түскен кірістер тікелей инвестициялардан түскен кірістер	Шетелдік қатысуы бар бірлескен кәсіпорындар, ЕДБ	Мынадай нысандар бойынша есептілік деректері ◆ Ереженің «Жарғылық капиталға қатысу бойынша есеп» №7 қосымшасы, ◆ №1-ТБ «Резидент еместерге қаржы талаптары және олар алдындағы міндеттемелер туралы есеп», ◆ №9-ТБ
портфельдік инвестициялардан түскен кірістер	ҚР ҚМ, кәсіпорындар, ЕДБ және бағалы қағаздардың басқа да эмитенттері (иселері), бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары, ҚҰБ	◆ Ереженің «Валюталық шарт бойынша ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп» №8 қосымшасы бойынша тіркеуге, хабарлауға ұшынылатын шарттар және кәсіпорындардың есептері бойынша деректер. Мынадай нысандар бойынша есептілік деректері ◆ №1-ТБ ◆ №9-ТБ, ◆ №15-ТБ, ҚҰБ-ның бухгалтерлік есептілік деректері
басқа инвестициялардан түскен кірістер	ҚР ҚМ, кәсіпорындар, ЕДБ, ҚҰБ	Мынадай нысандар бойынша деректер ◆ Ереженің «Валюта операциясы туралы тіркеу куәлігін/хабарлама алуға арналған өтініш» 5-қосымшасы, ◆ Ереженің 6-қосымшасы, ◆ №1-ТБ, ◆ №9-ТБ, ◆ №14-ТБ, ◆ №11-ОБ, ҚҰБ-ның бухгалтерлік есептілік деректері
АҒЫМДАҒЫ ТРАНСФЕРТТЕР		
Мемлекеттік трансферттер	ҚР мемлекеттік басқару органдары, ҚРСА, кәсіпорындар	◆ №7-ТБ, №10-ТБ нысандары бойынша статистикалық есептілік деректері, ◆ ҚО (гуманитарлық көмек), ◆ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Статистикалық бюллетені
Басқа трансферттер Ақша аударымдары	ЕДБ, «Қазпошта» ААҚ	қоса алғанда 2002 жылға дейін - №13-СБ нысан бойынша деректер. 2003 жылдан бастап – төлемдер мақсатының кодтары (ТМК) бойынша қалыптасатын төлемдер статистикасының деректері

Басқа да трансферттер	ҚР ҚМ, кәсіпорындар, ЕДБ	Мынадай нысандар бойынша деректер <ul style="list-style-type: none"> ◆ №9-ТБ, ◆ № 10-ИБ, ◆ № 11-ТБ, ◆ № 14-ТБ, ◆ Ереженің № 6 қосымшасы
КҮРДЕЛІ ТРАНСФЕРТТЕР		
Мемлекеттік трансферттер	ҚР мемлекеттік басқару органдары, ҚРСА	<ul style="list-style-type: none"> ◆ № 7-ТБ нысан бойынша деректер, ◆ КО (гуманитарлық көмек)
Басқа трансферттер	ҚРСА	ҚР тұрғындарының миграциясы туралы ҚРСА боллетені, оның негізінде ҚҰБ мигранттар әкелетін/әкелетін мүлік құнын бағалайды
Кредитордың берешекті жоюы	кәсіпорындар	Ереженің № 6 қосымшасының нысаны бойынша деректер
Басқа да трансферттер	кәсіпорындар	№10-ТБ нысандар бойынша статесептілік деректері
Жүргізілмеген қаржылық емес активтердің сатып алу/сату	кәсіпорындар	Ереженің № 8 қосымшасы бойынша кәсіпорындардың тіркеуге, хабарлауға ұсынылған шарттары және есептері бойынша деректер,
ҚАРЖЫЛЫҚ ШОТ		
		Қаржы активтері және міндеттемелері жөніндегі статистикалық есептілік халықаралық инвестициялық позицияны және сыртқы борышты жасау үшін де деректер көзі болады. Респонденттер ұсынатын есептілік Ұлттық Банктегі Валюта операцияларын тіркеу және лицензиялау шеңберінде келіп түскен, қосымша ақпарат көздері (банктер, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары, БАҚ және т.с.) бойынша салыстырып тексеріледі және түзетіледі.
ТІКЕЛЕЙ ИНВЕСТИЦИЯЛАР	кәсіпорындар, ЕДБ, ҚР ҚМ	Нысандар бойынша статесептілік деректері <ul style="list-style-type: none"> ◆ Ереженің «Ақша төлемі (және/немесе аударымы туралы есеп)» № 1 қосымшасы, ◆ № 1-ТБ, ◆ № 9-ТБ, мемлекеттік акция пакеттерін және мүлдіктік кешендерін сату туралы мәліметтер
ПОРТФЕЛДІК ИНВЕСТИЦИЯЛАР	ҚР ҚМ, ЕДБ, бағалы қағаздардың басқа да эмитенттері (иселері), бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары, «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» ЖАҚ, ҚҰБ	<ul style="list-style-type: none"> ◆ Тіркеуге ұсынылған шарттар бойынша және Ереженің № 8 қосымшасы бойынша кәсіпорындардың есептері бойынша деректер, ◆ № 1-ТБ, № 9-ТБ, № 15-ТБ нысандар бойынша статесептілік деректері, ◆ орталық депозитарийдің анықтамасы ◆ «ҚР Үкіметінің сыртқы активтер мен міндеттемелер туралы есебі» деректері, ◆ ҚҰБ бухгалтерлік есебінің деректері
БАСҚА ИНВЕСТИЦИЯЛАР		
Үкімет заемдары	ҚР ҚМ	<ul style="list-style-type: none"> ◆ № 14-ТБ нысаны бойынша деректер, ◆ «ҚР Үкіметінің сыртқы активтер мен міндеттемелер туралы есебі» деректері
Басқа да несие, заемдар	Кәсіпорындар, ЕДБ	Мынадай нысандар бойынша есептілік деректері <ul style="list-style-type: none"> ◆ № 1-ТБ, ◆ № 9-ТБ, ◆ № 11-ОБ
Сауда кредиттері	Кәсіпорындар, ЕДБ	№ 1-ТБ нысан бойынша есептілік деректері
Валюта және депозиттер	Кәсіпорындар, ЕДБ, ҚҰБ, ҚР ҚМ	Мынадай нысандар бойынша есеп деректері <ul style="list-style-type: none"> ◆ Ереженің «Шетелдік банктені шоттаны қаражаттың қозғалысы туралы есеп» 10-қосымшасы, ◆ № 1-ТБ, ◆ № 9-ТБ,

		<ul style="list-style-type: none"> ◆ «ҚР Үкіметінің сыртқы активтері мен міндеттемелері туралы есеп» ◆ ҚҰБ бухгалтерлік есебінің деректері ◆ № 1-ТБ, № 9-ТБ, № 11-ОБ, № 14-ТБ нысандары бойынша деректер, ◆ «ҚР Үкіметінің сыртқы активтері мен міндеттемелері туралы есеп» деректері
Басқа да активтер мен міндеттемелер	Кәсіпорындар, ЕДБ, ҚР ҚМ	
РЕЗЕРВТІК АКТИВТЕР	ҚҰБ	ҚҰБ бухгалтерлік есебінің деректері

«Бақал» сауданың көлемін белгілеу жөніндегі әдістемелік қағидаттар

Қазақстанның сыртқы сауда айналымының айтарлықтай бөлігі «бақал» саудаға – ұйымдаспаған, яғни ресми кеден статистикасына жатпайтын, жеке тұлғалардың сыртқы сауда операцияларына тиесілі. Қазақстанның Ұлттық Банкі сауда балансы бабына қосу үшін мұндай операцияларды қамту бойынша қосымша есептеу ретінде бағалайды.

Кейін қайта сату мақсатымен жеке тұлғалар әкелген/әкеткен тауарлардың құнын жиынтық бағалау олар импорттайтын және экспорттайтын тауарлардың орташа құны мен «бақалшылар санының» көбейтіндісі ретінде есептеледі.

«Бақал» бизнеспен айналысатын жеке тұлғалардың үлесін және «бақал» сауда айналымы неғұрлым белсенді жүргізілетін елдердің тізбесін айқындау үшін 2000 жылғы қазанда кеден органдарымен бірлесіп шекара маңындағы ірі автомобиль өтетін жолдарда, теміржолдардағы өткізу пункттерінде, халықаралық әуежайларда жүргізілген жолаушыларды шекаралық зерттеу нәтижелері негізгі көздердің бірі болды. Зерттеу аймақтар бойынша және сапардың мақсаттары бойынша кетушілер мен келушілердің арақатынасын, сондай-ақ сапар кезіндегі жеке шығыстардың орташа сомасын және «бақалшылар» коммерциялық мақсатта жұмсайтын соманы анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар бір «бақалшыға» шаққандағы тауар құнының орташа нормативтерін айқындау үшін кеден комитетінің жеке тұлғалар алып өткен және оңайлатылған тәртіппен декларацияланған тауарлар туралы деректері пайдаланылды.

ТМД емес елдерден бақал импортының есебі:

Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметінің республика шекарасынан өткен адамдардың саны туралы деректері негізгі ақпарат болып табылады. Зерттеу нәтижелері бойынша қазақстандықтар «бақалшы» рейдімен, негізінен Қытайға және Түркияға баратыны анықталды.

ТМД емес елдер бойынша «бақалшылар» сатып алатын тауарлардың орташа құны 5000 АҚШ доллары деңгейінде бағаланды, өйткені жеке тұлғалар әкелетін мұндай сомадан жоғары тауарлар декларациялауға жатады және кеден статистикасында көрсетілуі тиіс. «Бақалшылар» үлесі орташа алғанда ҚР-дан Қытайға және Түркияға туризм және жеке сапарлар мақсатында шығатындардың 60% деңгейінде және ТМД емес басқа елдерге шығатындардың - 20% деп белгіленді. Шекаралардың іргелес болуы неғұрлым қарқынды саудаға негіз болады, сол себепті Қытай бойынша осы елден ҚР-ға жеке мақсатпен және турист ретінде келетін резидент еместер де есепке кіреді.

ТМД елдерінен бақал импортының есебі:

Зерттеу нәтижелерінің негізінде бір «бақалшы» Ресей Федерациясынан, Қырғызстаннан және Өзбекстаннан әкелетін, «бақалшылардың» есептік санына көбейтілетін тауарларға шығыс нормасы айқындалды. «Бақалшылар» РФ-тен импорттайтын тауарларға шығыс нормасы 1500 АҚШ доллары деңгейінде, Қырғызстаннан және Өзбекстаннан импорттайтын тауарларға – 500 доллар деңгейінде белгіленді. Бақалшылар саны жеке мақсатпен шекарадан өтетіндер санының бөлігі ретінде айқындалады (РФ ФШҚ және ҚР ҰҚК ШҚ-нің деректері бойынша): 25% - Ресей Федерациясымен, 20% - Қырғызстанмен және 30% - Өзбекстанмен арадағы шекарадан өткендер. Бұл ретте РФ бойынша тек қана шығатын резиденттер, ал Қырғызстан мен Өзбекстан бойынша – шығатын резиденттер мен осы республикалардан келетін резидент еместер есепке алынады.

ТМД елдеріне бақал экспортының есебі:

Басқа елдерге жеке тұлғалар қайта сату үшін тауарлар шығармайтынын ескере отырып, бақалшылар экспорты бойынша есептеулер тек қана ТМД елдері бойынша жүзеге асырылды.

Зерттеу Ресей Федерациясына жеке мақсаттармен шығатын резиденттер санының ТМД елдеріне – 15%, Қырғызстанға жеке мақсаттармен шығатындар санынан - 20% және Өзбекстанға шығатын резиденттер санының 30%, сондай-ақ осы елдерден кіретін резидент еместердің сандық арақатынасын білуге мүмкіндік берді. Шығыс нормасы сондай-ақ зерттеу нәтижелері бойынша айқындалды және РФ-

ке экспорт - 500 АҚШ доллары және Қырғызстан мен Өзбекстанға – 350 доллардан болды.

Осы әдістеме 2001 жылғы төлем балансы есебінен бастап «бақал» сауда арналары бойынша тауар экспорты/импорты құнын бағалау үшін қолданылады.

V.2-қосымша

ФОБ бағаларымен импорт құнын бағалаудың және тауарлардың экспорты мен импорты кезінде көлік шығыстарын есептеудің әдістемелік қағидаттары

Тауарлардың импорты бойынша ресми статистиканың жүк кеден декларациясы негізінде қалыптасатын деректер Қазақстанның кеден шекарасындағы тауардың құнын көрсетеді. Яғни Қазақстанмен ортақ шекарасы жоқ мемлекеттерден тауарлар әкелген кезде импортталатын тауарлардың кедендік құнына импортердің кеден шекарасындағы тауардың құнынан басқа (ФОБ үлгісі бойынша тауардың құны) Қазақстанның шекарасына дейін жүкті сақтандыру және тасымалдау құны (СИФ үлгісі бойынша тауардың құны) да кіреді.

Төлем балансында тауарлардың экспорты мен импортының құны тауарды сатушының кеден шекарасындағы ФОБ үлгісі бойынша (жүкті тиеу сатып алушының есебінен) бағалармен есептеледі, ал жүкті сақтандыру мен тасымалдау құны халықаралық қызмет көрсету балансының тиісті баптарында көрсетіледі. Сондықтан, төлем балансында деректерді дұрыс көрсету мақсатында тауарлардың импорты бойынша кеден статистикасының деректеріне жіктеу бойынша түзету жүзеге асырылады – СИФ үлгісі бойынша импорттың құнынан тиісінше «сақтандыру қызметтері» және «жүк тасымалдау» баптарындағы халықаралық қызмет көрсетудің импортына енгізілетін сақтандыруға және тасымалдауға арналған шығыстар шегеріледі.

Импортталатын тауардың құнындағы сақтандыру және тасымалдауға арналған шығыстардың үлесін айқындау үшін Ұлттық Банкте жыл сайын өткізілетін экспортерлер мен импортерлерді арнайы тексерулер негіз болып табылады. 2002-2004 жылдардағы тексерулердің нәтижелері бойынша («Тауарларды экспорттау және импорттау кезінде тасымалдау және сақтандыруға арналған шығыстар туралы кәсіпорындарды тексеру сауалнамасы» статистикалық есеп нысаны ретінде 2002 жылы енгізілді) СИФ бағаларындағы тауарлар импортын ФОБ бағаларымен қайта есептеу және көлік түрлері бойынша жүк тасымалдау жөніндегі қызмет көрсетулерді есептеу үшін орташа алынған есептік коэффициенттер алынды. Бұл ретте коэффициенттер шекаралас және басқа елдердің бөлігінде бағаланды.

Тауарларды сату және қызмет көрсету жөніндегі бірқатар салыстырмалы, талдамалы деректерді алу, сондай-ақ кеңейтілген жіктеу бойынша (Халықаралық валюта қоры 2000 жылы енгізген) қызмет көрсетулердің балансын қалыптастыруды қамтамасыз ету мақсатында 2004 жылы алынған жаңа есептік коэффициенттер 2000 жылдан бастап төлем балансының деректеріне қолданылды.

Арнайы тексерулер нәтижелері бойынша есептік коэффициенттерді кейін қайта қарау осы тексерулердің орташа алынған коэффициенттерден айтарлықтай айырмашылығы болған жағдайда жүргізіледі (мысалы, жүкті тасымалдаудың жаңа тәсілдері мен маршруттары пайда болған жағдайда). Коэффициенттерді қайта қарау кезінде болған өзгерістерге тән кезеңдер үшін орташа алынған ұстаным сақталады.

V.3-қосымша

«Сапарлар» бабы бойынша халықаралық қызмет көрсету экспорты мен импортын бағалаудың әдістемелік қағидаттары

Төлем балансының әдіснамасына сәйкес “Сапарлар” бабы, ең алдымен, келушілер (Қазақстандағы резидент еместер, шет елдердегі резиденттер), егер олардың келу мерзімі бір жылдан аспаса, осы елде сатып алған сол тауарлар мен қызмет көрсетулерді қамтиды. Төлем балансында осы бап бойынша тіркелетін сома келушілердің келген елінде тауарларды және қызмет көрсетуді сатып алуға арналған шығыстарының құнын бағалауды білдіреді. Бұл топқа есебі «Жолаушылар тасымалдау» бабы бойынша жүргізілетін халықаралық қатынас жолаушыларын (билеттің құны) тасымалдау кірмейді.

«Сапарлар» бабы бойынша қызмет көрсету экспорты/импорты бір сапарға жұмсалатын орташа шығыс нормасы мен барушылар/келушілер санының көбейтіндісі ретінде есептеледі.

Бір сапарға орташа шығыс нормасы Қазақстанның шекарасынан өтетін жеке тұлғаларды бару/келу елдері және мақсаттары (қызмет бабымен, туризм, жеке мақсатпен) бөлігінде зерттеу нәтижелері бойынша айқындалды.

Азаматтығы, сапар мақсаттары және елдер бойынша барушылардың/келушілердің саны жөніндегі бастапқы ақпарат Қазақстан Республикасының ҰҚК Шекара Қызметінің және Ресей Федерациясының Федералдық Шекара Қызметінің деректері болып табылады.

Бұл нормативтер «Сапарлар» бабын есептеу үшін 2001 жылдың 1-тоқсанынан бастап қолданылуда.

V.4-қосымша

«Жұмыс істейтіндердің ақша аударымдары» бабын бағалаудың әдістемелік қағидаттары

Төлем балансының әдіснамасына сәйкес «Жұмыс істейтіндердің ақша аударымдары» өз елінен тыс жерде бір жылдан астам болатын, яғни қабылдаушы елдің резиденттері болып табылатын еңбек мигранттарының аударымдарын есепке алады.

Қазақстан төлем балансының Жұмыс істейтіндердің ақша аударымдары бабы жеке тұлғалардың резиденттігі, жіберуші/алушы елдер және аударым мақсаттары бөлігінде халықаралық аударымдары туралы банк статистикасының деректері бойынша қалыптастырылады. Бұл ретте осы қаражаттардың шығу тегі және оларды жіберушілердің азаматтығы туралы мәліметтер банк есептілігінде болмайды. Өтеусіз ақша аударымдары туралы есептік деректерде сатып алынатын тауарлар мен қызмет көрсетулерге ақы төлеуге арналған қаражаттар ағыны туралы деректердің (ақша аударымдары көлемін елдер бойынша бөлу ескерілген) болуын назарға ала отырып, жіберушілер өтеусіз ретінде жіктейтін жеке аударымдардың жалпы сомасындағы жеке тұлғалардың өтеусіз аударымдарының үлестік көлемін бағалау жүзеге асырылады. Осылайша, қаралып отырған бап бойынша Ұлттық Банктің бағалауы ескеріле отырып, банк статистикасының деректері бойынша жеке тұлғалардың трансшекаралық өтеусіз аударымдары көрсетіледі.

Қолданылатын бағалауға әдістемелік тәсілдер 2010 жылғы желтоқсанда қазақстандық банктердің қатысуымен ақша аударымдарын жіберуші жеке тұлғалардың жасырын зерттеулері бойынша әзірленді. Зерттеу нәтижелері негізінде өтеусіз аударымдардың үлесін есептеу үшін орташа мөлшердегі коэффициенттер алынды, бұл ретте коэффициенттер елдер, аударым бағыттары (Қазақстаннан/Қазақстанға) және ақша аударымдары тәсілдері (банк шотын пайдалана отырып және халықаралық ақша аударымдары жүйелері арқылы) бөлігінде бағаланды.

Бұл коэффициенттер 2009 жылдың 1-тоқсанынан бастап Жұмыс істейтіндердің ақша аударымдары бабын бағалау үшін қолданылды. Бұл ретте осы бапта көрсетілген кезеңнен бастап халықаралық ақша аударымдары жүйелері арқылы жүзеге асырылған операциялар есепке алынды.

V.5-қосымша

Қоныс аударушылар трансферттерін бағалаудың әдістемелік қағидаттары

Төлем балансының әдіснамасына сәйкес капиталмен операциялар шотына халықтың қоныс аудару салдарынан пайда болатын тауарлар ағынына және қаржы активтері мен міндеттемелердегі өзгерістерге қатысты өтем жазбасын білдіретін «Қоныс аударуға байланысты трансферттер» бабы кіреді. Трансферттің осы түрі үшін төлем балансында тіркелетін сома қоныс аударушылардың таза мүлкінің құнына тең.

Қоныс аударушылар әкелген/әкеткен мүліктердің құны орташа нормативтер мен қоныс аударушылардың тиісті санының көбейтіндісі ретінде есептеледі.

Қоныс аударушылар саны бойынша бастапқы деректер қалалық мекендерден және ауылдық жерден республикадан/республикаға кетушілер мен келушілер саны туралы Қазақстан Республикасының статистика жөніндегі агенттігінің тоқсандық деректері болып табылады. Эмиграция бойынша деректер республиканың ірі қалаларына қатысты бөлігінде ұсынылады.

Бір қоныс аударушыға шаққанда мүліктің орташа құнын анықтау үшін отбасының орташа мөлшері туралы соңғы халық санағының деректері, сондай-ақ Ұлттық Банктің облыстық филиалдары жүргізген зерттеу нәтижелері пайдаланылды:

- жергілікті нарықтарда қалалық жерлерде ұсынылатын пәтерлердің орташа құны;
- ауылдық жерден кететіндер сатқан тұрғын үйдің құны;
- кететін, саяжай, машина, гаражы бар отбасылар санының үлес салмағы;
- машиналардың, саяжайлардың, гараждардың орташа құны;
- қалалық мекендерден және ауылдық жерден қоныс аударушылар әкететін үй мүлкінің орташа құны;
- келетін қоныс аударушылар сатып алатын мүліктің және тұрғын үйдің орташа құны.

Облыстық филиалдардың зерттеу нәтижелері қоныс аударушылардың қалалардан – облыс орталықтарынан және басқа қалалық мекендер мен тұтастай алғанда ауылдық жерлер бойынша біршама аз үлесте әкететін материалдық және қаржылық құндылықтар көлеміндегі аймақтық айырмашылықты анықтады.

Зерттеу нәтижелері бойынша бір қоныс аударушы әкелетін/әкететін мүлік құнының орташа нормативі қабылданды. Сыртқа қоныс аударушылар тар бойынша қабылданған орташа құн нормативі қалалар, облыс орталықтары және басқа да аумақтық құрылымдар бойынша орташа белгіленді.

V.6-қосымша

Нақты тиімді айырбас бағамы индексі есептеу әдістемесі

Теңгенің нақты тиімді айырбас бағамының индексі (REER - Real effective exchange rate) теңгенің Қазақстанның негізгі сауда әріптес елдерінің валюталары қоржынына қатысты айырбас бағамының орта есеппен алғандағы өзгеруін білдіреді.

Индекстің өсуі/азаяуы теңгенің Қазақстан сауда операцияларын жүзеге асыратын елдер валютасының қоржынына қатысты нақты қымбаттайтынын/арзандайтынын көрсетеді, олай болса, басқадай тең жағдайларда отандық өндірушілер ішкі және сыртқы нарықтарда азырақ/көбірек қолайлы бәсеке жағдайын бастан кешеді.

Нақты тиімді айырбас бағамы (НТАБ) индексі есептеу алгоритмі

Бастапқы өлшемдер

1. Республиканың жалпы тауар айналымындағы Қазақстанның сауда әріптестерінің үлес салмағы. Индексте ұсынылған елдерді іріктеу республиканың ресми тауар айналымының орта есеппен 90% қамтиды.
2. Сауда әріптестері елдердің долларға қатысты номиналды айырбас бағамы.
3. Сауда әріптестері ретіндегі елдердің ТБИ-інің өзгеруі.
4. Теңгенің долларға қатысты айырбас бағамы.
5. Қазақстанның ТБИ-інің өзгеруі.
6. Индекс есептелетін базалық кезеңді таңдау.

Деректердің өзгеруі

- Сауда әріптестерінің үлес салмағын қалыпқа келтіру, w_i әріптес елдер саудасының тауарлардың сыртқы сауда айналымының жалпы көлеміндегі үлес салмағын алу:

Ағымдағы жылғы индексті есептеу үшін үлес салмағы осы елдің өткен үш жылдағы елдер тобының жиынтық тауар айналымындағы үлес салмағын орташалаңдыру арқылы есептеледі.

$$w_{ji} = \frac{t_{j(i-1)} + t_{j(i-2)} + t_{j(i-3)}}{T_{i-1} + T_{i-2} + T_{i-3}}$$

мұндағы

w_{ji} - осы елдің тауар айналымының топтың жиынтық тауар айналымындағы ағымдағы жылғы үлес салмағы

$T_{i-1...i-3}$ - елдер тобының өткен үш жылдағы тауар айналымы

$t_{j(i-1)...j(i-3)}$ - осы ел бойынша өткен үш жылдағы тауар айналымы

Осылайша, 1999 жылғы НТАБ индексін есептеу үшін 1996-98 жж., 2000 жылғы – 1997-99 жж. және т.б. сыртқы сауда деректерінде есептелген үлес салмағы пайдаланылады. 1995-1997 алдындағы үш жылғы кезеңнің деректері болмауы себепті НТАБ индексін есептеуде осы жылдар үшін 1995-1997 жж сыртқы сауда деректері бойынша орта есеппен алынған үлес салмағы пайдаланылады.

- Негізгі кезеңге қатысты ТБИ-ді қайта құру
- S_i^T сауда әріптестері елдерінің әрбір есептік кезеңге теңгенің шетел валютасы бірлігіндегі кросс-бағамының есебі:

Теңгенің кросс-бағамы = Шетел валютасының АҚШ долларына қатысты бағамы/теңгенің долларға қатысты бағамы

Нақты тиімді айырбас бағамы индексін есептеу (НТАБ)

I. Есептік кезеңде базалық кезеңмен салыстырғанда теңгенің айырбас бағамының өзгеру индексін есептеу:

$$\Delta S_i = S_i^T / S_i^0,$$

мұндағы

S_i^T - теңгенің есептік кезеңдегі шетел валютасы бірлігімен көрсетілген айырбас бағамының өзгеруі (кері баға белгілеу);

S_i^T - теңгенің есептік кезеңдегі бағамы;

S_i^0 - теңгенің базалық кезеңдегі бағамы.

II. Номиналдық тиімді айырбас бағамының индексін есептеу (NEER)

$$NEER = 100 * \Pi_i (\Delta S_i)^w$$

мұндағы

w_i - i-ші елдің республиканың тауар айналымындағы үлес салмағы;

P_i - Елдер тобы бойынша елдің республиканың тауар айналымындағы қалыптандырылған үлес салмағын ескере отырып, сауда әріптестерінің валюталарына теңгенің айырбас бағамы өзгеруінің индексін шығару.

III. Нақты тиімді айырбас бағамының индексін (REER) есептеу

$$REER = 100 * \Pi_i (\Delta S_i * (P^d / P_i^f))^w$$

мұндағы

P_i^f - Қазақстанның сауда әріптесі i-ші елдегі баға деңгейі;

P^d - Қазақстандағы баға деңгейі;

P_i - Елдер тобы бойынша республиканың тауар айналымындағы елдің қалыптандырылған үлес салмағын ескере отырып сауда әріптестеріне қатысы бойынша салыстыра алғандағы баға индексіне түзетілген теңгенің айырбас бағамының өзгеру индексін есептеу.

Республиканың тауар айналымындағы сауда әріптесінің үлес салмағын анықтау кезінде үш жылғы кезеңді пайдалану неғұрлым ымыраға келу нұсқасы болып табылады. Мұндай тәсіл әр түрлі қысқа мерзімді факторлардың сауда ағындарына тигізетін ықпалын білдірмеуге мүмкіндік береді, сонымен қатар сауданың ескі құрылымы салмақтау схемасы бойынша көрсетілетіндіктен, тәуекел айтарлықтай емес. Сауда ағындарын географиялық бөлу кезінде болатын өзгерістер белгілі бір кезеңде ақпаратты алу бойынша үлесті жандандыру арқылы ескеріледі. Қазақстанның Ұлттық Банкі үлес салмағын жыл сайынғы негізде анықтайды.


Қазақстан Ұлттық Банкі талдау мақсатында мұнаймен және газ конденсатымен сауда операцияларын қоспай есептелген сауданың үлес салмағы негізінде нақты тиімді айырбас бағамы индексін де есептейді (коды ТН СЭҚ - 2709). Айырбас бағамының тауарлардың осы тобының экспортерлері мен импортерлерінің бәсекелестік артықшылығына ықпалы айтарлықтай болмағандықтан (бұл жағдайда айқындаушы фактор энергия көздеріне әлемдік осы индексті есептеу айырбас бағамы өзгеруінің сыртқы сауданың көлемі мен құрылымына тигізетін ықпалына неғұрлым бағаның өзгеруі болып табылады), баламалы баға бере алады.

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 30 қыркүйектегі жалпы сыртқы борышы

Жалпы сыртқы борыш осы елдің резиденттерінің негізгі борышты және/немесе пайыздарды төлеуді талап ететін резидент еместер алдындағы белгілі бір уақытқа өтелмеген нақты және ешбір негізделмеген міндеттемелерін білдіреді. Одан басқа фирмааралық берешекке қарыз алушының операциялық қызметі нәтижесіндегі негізгі борышты және/немесе пайыздарды төлеу мерзіміне қарай көрінетін белгілі бір негізділік дәрежесі тән. Сыртқы борышты басқаруда мемлекеттің фирмааралық берешегімен байланысты жүйелік тәуекелдері өте төмен бағаланады, себебі тікелей инвестор-кредитор оның қызметіне қатысу арқылы қарыз алушының төлем қабілетсіздігі тәуекелін бөліседі. Соған байланысты бұл талдамалық жазбада жалпы сыртқы борыш фирмааралық берешек ескерілмей жеке бөлек алынады.

1. Жалпы сыртқы борыштың жай-күйі

2012 жылғы 30 қыркүйекте Қазақстан Республикасының жалпы сыртқы борышы (бұдан әрі – ЖСБ) 134,9 млрд. АҚШ долл. (бұдан әрі - млрд. долл.) құрады, оның 65,8 млрд. долл. «Басқа секторлардың»¹ фирмааралық берешегіне, 14,0 млрд. долл. – «Банктер»² секторының сыртқы борышына тиесілі және 5,1 млрд. долл. мемлекеттік сектордың сыртқы борышын³ құрайды. Қалған бөлігі «Басқа секторлардың» үлестес емес резидент еместер алдындағы берешегіне тиесілі (1-диаграмма).



Жалпы алғанда 2012 жылғы 3-тоқсанда Қазақстанның ЖСБ 2,4 млрд. долл. ұлғайды. Бұл ретте мұндай ұлғаю фирмааралық берешекті қоса алғанда, «Басқа секторлардың» сыртқы борышының өсуінен болды, ал экономиканың басқа секторларының сыртқы берешегі кезең ішінде аздап төмендеді (1-кесте).

¹Банктік емес қаржы корпорацияларынан, қаржылық емес корпорациялардан, сондай-ақ үй шаруашылықтарынан және үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдардан тұрады

²Екінші деңгейдегі банктерден «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-дан тұрады

³«Мемлекеттік басқару секторынан» (Қазақстан Республикасының Үкіметі) және «Ақша-кредиттік реттеу органдарынан» (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі) тұрады

1-кесте – 2012 жылғы 3-тоқсандағы ЖСБ құрылымындағы өзгерістер


(млн. долл.)

	30.06.2012	Операциялық өзгерістер	Құндық және бағамдық ауытқулар	Өзге түзетулер	30.09.2012
Мемлекеттік басқару секторы	4 450,0	69,4	34,5		4 553,9
Ақша-кредиттік реттеу органдары	539,2	0,8	10,0		550,0
Банктер	14 507,3	-647,7	167,9	2,0	14 029,5
Басқа секторлар	112 935,7	3 814,3	504,1	-1 509,3	115 744,8
<i>оның ішінде:</i> <i>фирмааралық берешек</i>	64 757,9	2 477,1	4,6	-1 432,8	65 806,8
ЖСБ фирмааралық берешек ескерусіз	67 674,3	759,7	711,9	-74,5	69 071,4
ЖСБ БАРЛЫҒЫ	132 432,2	3 236,8	716,5	-1 507,3	134 878,2

Осылайша, 2012 жылғы 3-тоқсанда фирмааралық берешек (1,1 млрд. долл.), сол сияқты үлестес емес резидент емес алдындағы берешек (1,4 млрд. долл.) ЖСБ-ның ұлғаюына әсер етті. Оның үстіне, егер фирмааралық берешек тікелей жүргізілген операциялар нәтижесінде (игерудің өтеуден, сатып алудың сатудан асып кетуі және т.б.) ұлғайса, онда басқа да резидент емес алдындағы берешектің өсуіне операциялар нәтижесінде ұлғаю да (0,8 млрд. долл.), құндық және бағамдық ауытқулар да (0,7 млрд. долл.) теңдей дәрежеде әсер етті.

Фирмааралық берешектің ұлғаюы жұмсалған шығындардың өтелмейтін шығындарға жатқызылуы салдарынан шетелдік компанияның қазақстандық филиалына жатқызылған борыштың төмендеуінен («Басқа да түзетулер») ішінара жойылғанын атап өткен жөн.

2-диаграммада ҚР Үкіметінің, ҚР Ұлттық Банкінің және республика кәсіпорындарының мемлекет кепілдігі бар кредиттері бойынша сыртқы берешегінен тұратын мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген сыртқы борышқа және мемлекет кепілдік бермеген сыртқы борышқа бөлінген ЖСБ туралы ақпарат берілген.



Сыртқы борышты басқаруға байланысты мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген сыртқы борышқа байланысты жүйелік тәуекелдердің едәуір жоғары бағаланатынын ескерсек, 2012 жылғы 3-тоқсандағы бұл борыш санатының үлесі ЖСБ-ның 4,1%-ын құрайтынын атап өткен жөн.

2. ЖСБ құрылымындағы секторлар мен құралдар бойынша кезең ішіндегі негізгі өзгерістер

ҚР Үкіметінің сыртқы борышының төмендеуі (2-кесте) негізінен халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздары бойынша кезекті транштардың түсуі есебінен болды.

2-кесте. Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген сыртқы борыш

(млн. долл.)

	31.12.09	31.12.10	31.12.11	31.03.12	30.06.12	30.09.12
Мемлекеттік борыш:	3 235,6	4 800,9	5 050,6	5 076,3	4 989,2	5 103,9
ҚР Үкіметі	2 218,1	3 800,3	4 487,3	4 418,5	4 450,0	4 553,9
ҚР Ұлттық Банкі	1 017,5	1 000,6	563,3	657,8	539,2	550,0
Мемлекет кепілдік берген сыртқы борыш («Басқа секторлардың»)	486,2	310,5	442,0	446,7	466,4	469,6
Барлығы	3 721,8	5 111,4	5 492,6	5 523,0	5 455,6	5 573,5

ҚР Үкіметінің сыртқы борышы ұзақ мерзімді сыртқы қарыздармен (4,5 млрд. долл.) және резидент еместердің қолындағы МБҚ бойынша міндеттемелермен (21,1 млн. долл.) көрінді. Қолдағы қарыздар бойынша қарыз қаражатын игерудің жалғасуына байланысты (мысалы, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» жобасы шеңберінде, ұлттық статистикалық жүйені нығайту бойынша және т.б.), сондай-ақ 2013 жылы ҚР Қаржы министрлігінің еурооблигацияларын шығару мүмкіндігін қарастыруға байланысты болашақта ҚР Үкіметінің сыртқы борышының өсуі мүмкін екендігін атап өткен жөн.

ҚР Ұлттық Банкінің сыртқы міндеттемелерінің өзгеруі 2012 жылғы 3-тоқсанда едәуір аз (+10,8 млн. долл.) болды. Ұлғаю негізінен ҚР Ұлттық Банкінде орналастырылған резидент еместер депозиттерінің ағынына, сондай-ақ бағамдық ауытқуларға негізделген ХВҚ алдында SDR бойынша міндеттемелерден тұратын басқа да борыштық міндеттемелердің өсуіне байланысты болды.

Мемлекет кепілдік берген сыртқы борыш 2012 жылғы 3-тоқсанда «Басқа секторлардың» қарыздарды (4,2 млн. долл.) өтеуіне қарағанда, айтарлықтай белсенді игеру салдарынан (7,4 млн. долл.), негізінен, электр желілерін жаңарту жобаларына байланысты аздап (4,2 млн. долл.) ұлғайды.

«Банктердің» сыртқы борышының төмендеуіне 2012 жылғы 3-тоқсанда негізінен қазақстандық банктердің шоттарындағы резидент еместер депозиттерінің әкетілуі (-0,4 млрд. долл.) және тартылған қарыздар бойынша негізгі борыштың өтелуі (-0,9 млрд. долл.) себепші болды (3-диаграмма).



Аталған төмендеу сыртқы қарыздар бойынша «Банктерге» жаңа түсімдерді (0,4 млрд. долл.) және «БТА Банк» АҚ облигациялары бойынша төлемдерді тоқтата тұруға байланысты «Басқа да борыштық міндеттемелердің» ұлғаюын (0,3 млрд. долл.) ішінара нивелирледі.

«Облигациялар мен басқа да борыштық бағалы қағаздар» бабына қатысты 2012 жылғы 3-тоқсанда ұлғаю шартты болғанын, негізінен, «Қазақстан Даму Банкі» АҚ-ға 240 миллион Малайзия ринггиттері (шамамен 77 млн. долл.) сомасына «Сукук «аль-Мурабаха» бірінші исламдық облигациялар шығарылымын орналастыруға, сондай-ақ «АТФБанк» АҚ-ның 100 млн. долл. сомасына мерзімсіз еурооблигациялар бойынша эмитентті ауыстыруына байланысты орындалғанын атап өтуге болады. Алайда, жалпы кезең ішінде аталған бап бойынша ұлғаю тек 45,1 млн. долл. болды, бұл негізінен резидент еместердің Қазақстан банктерінің облигацияларын сатуына байланысты орын алды.

2012 жылғы 3-тоқсанда «Басқа секторлар» сыртқы борышының ұлғаюы (3-кесте), көбінесе, резиденттердің тікелей инвесторлардан (2,4 млрд. долл.), сол сияқты басқа резидент еместерден (2,0 млрд. долл.) тартылған сыртқы қарыздарды белсенді игеруі есебінен болды. Аталған өсім сыртқы борыштардың өтелуімен (2,1 млрд. долл.) ішінара нивелирленді, сондай-ақ жоғарыда атап көрсетілгендей, Қазақстан аумағындағы мұнайгаз орындарын өңдеуді жүзеге асыратын шетел компаниясы филиалының міндеттемелері бөлігінде борыштық емес капиталға қайта жіктелді. Инвесторлардың шешімі бойынша 1,4 млрд. долл. мөлшерінде өңдеуге жұмсалған шығындар өтелмейтін болып танылды.

3-кесте. Мемлекет кепілдік бермеген сыртқы борыш динамикасы

(млн. долл.)


Көрсеткіш атауы	31.12.10	31.12.11	31.03.12	30.06.12	30.09.12	2012 жылғы 3-тоқсандағы өзгерістер
Мемлекет кепілдік бермеген сыртқы борыш	113 143,0	119 660,9	123 895,7	126 976,6	129 304,7	+2 328,1
1. Банктердің сыртқы борышы	19 947,9	14 601,2	14 835,4	14 507,3	14 029,5	-477,8
2. Басқа секторлардың сыртқы борышы	93 195,1	105 059,7	109 060,3	112 469,3	115 275,2	+2 805,9
2.1. Фирмааралық берешек	52 326,6	60 360,0	63 473,7	64 757,9	65 806,8	+1 048,9
<i>Олардың ішінде шетелдік компаниялар филиалдарының берешегі</i>	38 912,4	46 579,5	48 145,4	49 787,5	49 916,5	+129,0
2.2. Басқа да борыштық міндеттемелер (үлестес емес резидент еместер алдында)	40 868,5	44 699,7	45 586,6	47 711,4	49 468,4	+1 757,0

Сондай-ақ, 2012 жылғы 3-тоқсанда сауда кредиттері бойынша «Басқа секторлар» резиденттерінің сыртқы берешегінің ұлғаюы, кезең соңында 10,8 млрд. долл. құраған позиция және борыштық бағалы қағаздардың 11,1 млрд. долл. ұлғаюы негізінен бағамдық ауытқулардан (+0,5 млрд. долл.) туындады.

Осылайша, 2012 жылғы 30 қыркүйекте «Басқа секторлардың» сыртқы борышы 115,7 млрд. долл. құрады, оның ішінде фирмааралық берешегі – 65,8 млрд. долл., басқа (үлестес емес) резидент еместердің алдындағы міндеттемелері – 49,9 млрд. долл.

3. Кредитор елдер бойынша ЖСБ

Республика үшін негізгі кредитор бұрынғыдай Нидерланд болып табылады (4-диаграмма), бұл ретте, негізінде, осы берешек тікелей инвестицияларға байланысты және осы елде АМК⁴ мен бас компаниялардың, оның ішінде Қазақстанда жұмыс істейтін шетелдік филиалдарының көбісі осы елде тіркелгеніне байланысты болды.



